4 Байқоңырдағы байыпты бастамалар

7 20 мың доллар! Мәһрге қымбат сый сұрау қалыпты ма?

27 шілде, сенбі 2024 жыл

Сыр бойы

№114-115 (20788-20789)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

МӘЖІЛІС

«АУЫЛ АМАНАТЫ»: ИГІЛІК һәм ЕНДІГІ МІНДЕТ

Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенованың қатысуымен «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыру және кәсіпкерлікті дамыту мәселелері талқыланған мәжіліс өтті. Жиынға Парламент Сенатының депутаттары Руслан Рүстемов, Наурызбай Байқадамов, Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков, Үкімет аппаратының қызметкерлері қатысты.

Сондай-ақ Алматы, Түркістан, Батыс Қазақстан облыстарының кәсіпкерлері тәжірибе алмасу үшін арнайы келді. Мәжіліске «AMANAT» партиясы облыстық филиалы, облыстық басқарма, департамент, инспекция басшылары, қала, аудан әкімдері мен ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, экономика және қаржы, жұмыспен қамту мекемелерінің басшылары, ауылдық округ және кент әкімдері қатысты.

2-бет

АРМЫСЫҢ, ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫ!

Кеше әлем халқы асыға күткен 2024 жылғы Париж Олимпиадасы салтанатты түрде ашылды. Қазақстан құрамасының туын Асланбек Шымбергенов пен Ольга Сафронова алып жүрді. Дүбірлі дода – қазақстандық спортшылардың тәуелсіз ел ретінде қатысып отырған сегізінші Жазғы Олимпиадасы.

8-бет

САПАР

Тамара Дүйсенова, ҚР Премьер-министрінің орынбасары:

«ӨҢІРАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ НЫҒАЙТУ КЕРЕК»

ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова облысқа жұмыс сапары аясында «Ауыл аманаты» бағдарламасының аймақта жүзеге асу барысымен танысып, ауыл тұрғындарымен кездесті.

Былтыр бағдарлама шеңберінде республикалық бюджеттен 3 млрд теңге қаралып, 406 жобаға несие берілді. Соның арқасында 700-ден астам жұмыс орны құрылды.

Несие алғандар жеңіл өнеркәсіпті де игеруде. Мәселен, Махамбетов ауылының тұрғыны Сәрсенгүл Аралбаева «Ауыл аманаты» арқылы қол жеткізген 5 млн теңгеге шұлық өнімдерін шығаратын құрал-жабдықтар сатып алды. Қазір күніне 200-250 дана шұлық сатуда. Жобаға дейін тұрақты табысы болмаған Сәрсенгүл Аралбаева бүгінде жеке кәсіпкер.

– Өнімге деген сұраныс өте жақсы. Енді кәсіпті кеңейту жағын ойластырып отырмын. Әзірге екі адам жұмыс істейміз. Кәсібім кеңейіп жатса, жұмыс орны да көбейеді. Қолдау білдіргендерге алғысым шексіз! – деді ол.

Осы ауылдың тұрғыны Алтынкүл Дүйсенғазиева жүн мен мақтадан көрпе тігіп, кәсібін дөңгелентіп отыр. Ол үшін «Ауыл аманаты» жобасы аясында 3 млн теңгеден астам несие алды. Қазір ауыл, ауданнан бөлек, Астанадан да тапсырыстар келіп, айына 20-25 көрпе тігеді.

– Өзімнің балама да осы кәсіпті үйретудемін. Алғашқыда өтініш бергенде жобамның мақұлданатынына сенбедім. Алайда талап қылған адамға жол ашық екеніне көзім жетті. Осындай төмен пайызбен несие беру бастамасын көтерген азаматтарға ризашылығымды білдіремін, – деді ол.

Ал Сырдария ауданының «Айдарлы» ауылында көне кәсіпті жаңғыртқан кәсіпкер бар. Зейнеткер Марияш Әлжанова киіз басып, түкті кілем, сырмақ тігеді. «Ауыл аманаты» жобасы арқылы алған қаржыға цех ашып, 6 адамды жұмыспен қамтуда.

– Ұлттық бұйымдарға сұраныс қашан да жоғары болады. Өндіріске қажетті жүннен тапшылық жоқ. Өзіміздің ауылдан, көршілес «Қоғалыкөлден» қой мен түйе жүнін аламыз. Кәсіп өз алдына, ең негізгі мақсатым – жастарға ұлттық қолөнерді таныту, – дейді ол.

Тамара Дүйсенова қолға алынған жобаларды жоғары бағалады. Ауыл тұрғындарымен кездесу кезінде мемлекеттік қолдау шараларымен таныстырды. Жастарға 2,5 пайызбен ұсынылатын жеңілдетілген несиелер, әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтарға берілетін қайтарымсыз гранттар жайлы айтты.

– «Ауыл аманаты» бағдарламасының негізгі мақсаты – ауыл тұрғындарының табысын арттыру. Мемлекет тарапынан түрлі қолдау шаралары қарастырылған. Ол туралы ауыл әкімдері түсіндіру жұмыстарын күшейтуі қажет, – деді Тамара Дүйсенова.

3-бет

ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Көшпенділер ойындары: Билет бағасы қанша?

24.kz-тің хабарлауынша, Көшпенділер ойындарында болатын спорт жарыстарына кіру құны айқындалып отыр.

Мәселен, қазақ күресі сайысына билеттер таңертең 2,5 мың теңгеден, кешке 5000 теңгеден басталады. Садақ атушылар жарысына билетті таңғы уақытта 600 теңгеден, кешке 1000 теңгеден алып көруге болады. Ал асық ату мен арқан тартыстан таңғы бәсекеге билет бағасы 700 теңгеден басталса, кешке 1000 теңгеден жоғары есептелмек.

«Пәтер құны өспесе, түспейді»

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Бақытжан Жүнісбеков пәтер бағасы туралы болжамын айтты деп хабарлайды «ҚазАқпарат».

– Бұл жерде пәтер бағасының күрт түскені байқалмағанына сендіре аламын. Өйткені инфляция баспана бағасына қалай да әсер етеді. 2024 жылдың алғашқы жартысындағы қорытынды бойынша қолданысқа беріліп жатқан баспана ауданының өсу тенденциясы бар. Құрылыс шығындарының орташа статистикасы да 2-3 пайыз көлемінде өсті. Дейтұрғанмен, жасалған мәмілелер саны төмендеген. Біз пәтер құнының түсуін дәл осы мәмілелердің азаюымен байланыстырамыз. Жалпы пәтер бағасының күрт өсуін немесе күрт түсуін күтіп отырған жоқпыз. Біртіндеп өсе береді деген болжам бар, – деді ол Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында.

Туризм және бір жыл

Мемлекеттік кірістер комитетінің деректері бойынша өткен жылдың қорытындысымен ресми тіркелген турагенттіктер мен туроператорлардан бюджетке түсетін салықтық түсімдер 14,3 млрд теңге болған. Бұл туралы Туризм және спорт министрлігі «ҚазАқпарат» сауалына жолдаған жауабында мәлімдеді.

Фото: Ливых дерекқорынан

Ведомство мәліметінде былтыр елге 9,2 млн қонақ келгені айтылады. Алайда соның тек 1,1 миллионы қонақүй қызметін пайдаланған.

«Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанға 9,2 миллионнан астам шетелдік қонақ келді. Оның ішінде 1,1 миллионға жуығы отандық орналастыру орындарында (қонақ үйлерде) қызмет алған. Бұл ретте Ұлттық банктің деректеріне сәйкес, «Сапарлар» бабы бойынша қызметтер экспорты 2,3 млрд АҚШ доллары болды. Бұл көрсеткіш Қазақстанда шетелдік келушілер сатып алған тауарлар мен қызметтерді қамтиды» делінген ведомство жауабында.

«СБ» ақпарат

Валюта бағамы $ 474,83 kzt € 515,38 kzt ₽ 5,5 kzt

Ауа райы +32⁰ +34⁰ +30⁰ +32⁰

№114-115 (20788-20789) 27 шілде, сенбі 2024 жыл

«АУЫЛ АМАНАТЫ»: ИГІЛІК һәм ЕНДІГІ МІНДЕТ

Жиында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев саладағы негізгі мәселелердің шешілуі жолында осындай жиындардың маңызын атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы 2022 жылғы қараша айында Қазақстан Республикасы Президенті лауазымына кіріскеннен кейін «Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Жарлыққа қол қойды. Жарлық бойынша елімізде «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы, «Ауыл – ел бесігі», «Ауыл аманаты», «Дипломмен – ауылға!» мемлекеттік бағдарламалары сәтті жүзеге асуда. Президентіміздің тапсырмасымен ауыл тұрғындарының табысын, тұрмыс сапасын арттыру, кәсіпкерлікті дамыту бағытында Сыр өңірінде де ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Биыл кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға әртүрлі көздерден 34,5 миллиард теңге қарастырылған болса, оның ішінде Бірыңғай кешенді бағдарлама аясында субсидия және кепілдіктер беру үшін 9 миллиард теңге бөлінді. Мемлекеттік гранттар беруге 73 миллион 100 мың теңге қаралды. Биылғы 6 айда облыстағы

лендіріліп, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына айрықша үлес қосты.

Іс-шарада Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков былтыр республика бойынша «Ауыл аманаты» жобасын іске асыруға бюджеттен 100 млрд теңге қаржы бөлініп, 17 мың шағын несие берілгенін жеткізді. Сондай-ақ ол министрлік

> *«Ауыл аманаты» жобасының басты мақсаты – ауыл халқының әл-ауқатын жақсарту және әлеуметтік мәселелерін шешу. Жылдық 2,5 пайызбен берілетін жеңілдетілген несие азаматтарға идеяларын жүзеге асыруға, өз ісін ашуға және ауылдағы жұмыссыздықты азайтуға мүмкіндік берді. Аймаққа өткен жылы республикалық бюджеттен жобаны қаржыландыруға 3 млрд теңге бөлінсе, биыл 4,6 млрд теңге қаржы қаралуда. Барлығы 411 жоба несиелендіріліп, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына айрықша үлес қосты.*

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 64 478 болды. Жыл соңына дейін 3 мыңға жуық жобаны қаржыландыру көзделген. Кәсіпкерлер санының өсуі жастар және «Ауыл аманаты» жобасы аясында алынған микрокредиттер есебінен қамтамасыз етілді. Ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдау өте маңызды, – деді облыс әкімі.

«Ауыл аманаты» жобасының басты мақсаты – ауыл халқының әл-ауқатын жақсарту және әлеуметтік мәселелерін шешу. Жылдық 2,5 пайызбен берілетін жеңілдетілген несие азаматтарға идеяларын жүзеге асыруға, өз ісін ашуға және ауылдағы жұмыссыздықты азайтуға мүмкіндік берді. Аймаққа өткен жылы республикалық бюджеттен жобаны қаржыландыруға 3 млрд теңге бөлінсе, биыл 4,6 млрд теңге қаржы қаралуда. Барлығы 411 жоба несие-

«Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша микрокредиттеудің ақпараттық жүйесі әзірленгенін айтты. Жүйе несие алуға электронды өтінім беруге мүмкіндік береді, бұл ауыл тұрғындары үшін бағдарламаның қолжетімділігін арттырады. Қазіргі уақытта жүйе облыстағы «Байқоңыр» ӘКК-мен бірлесіп пысықталып, биыл осы ақпараттық жүйе арқылы өтінімдер қабылданатын болады.

Мәжілісте облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев жобаның өңірде жүзеге асырылу барысын баяндады. Бағдарлама аясында былтыр 3 млрд теңге бөлініп, 106 елді мекеннен 406 жоба қаржыландырылған. Несие қаражатының 10 пайызы егіншілік, 28 пайызы мал шаруашылығына, 13 пайызы ауыл шаруашылығы техникасын жаңғыртуға, 40 пайызы жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдарының өндірісі мен қызмет көрсету салаларына бағытталған.

Облыста азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 37 жылыжай кешені, 21 ет және сүт, 41 кондитер және нан өндірістері ашылды. Айта кету керек, жоба аясында құрылған кооперативтерден барлығы 32 мың тонна ет өндірілсе, «Барлыбай и К» кооперативі 10 тонна томат өнімдерін шығарды.

– Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде 33 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылды. 710 жаңа жұмыс орны ашылып, арнайы әлеуметтік көмек алушы саны 65 адамға қысқарды, – деді Ардақ Зебешев.

Биыл бағдарлама шеңберінде облыста тіректі кооперация қағидасы бойынша жұмыстар жалғасады, яғни былтыр қаржы алып, бүгінде тиімді жұмыс жасап жатқан кәсіпорындар жанынан жаңа кәсіпорындар ашуға көңіл бөлінеді. Биыл 27 кооператив құру үшін 767 млн теңге қаржы бағытталып отыр. Шамамен әр кооперативке 30 млн теңге қаралған. Нәтижесінде өнеркәсіпте 3, егін шаруашылығында 4, мал шаруашылығында 20 жаңа кооперативтер құрылуы тиіс.

Жиында Шиелі ауданының әкімі Нұржан Ахатов баяндама жасап, «Ауыл аманаты» жобасы аясында қолдау тапқан жобаларға тоқталды. Былтыр ауданда шағын және орта бизнесті мемлекеттік бағдарламалар аясында қаржыландыру мақсатында 452 жобаға 5 млрд 263 млн теңгені құрайтын шағын несие және грант қаражаты бөлініп, 920 жаңа жұмыс орны ашылған.

– Былтыр «Ауыл аманаты» бойынша ауданға 548,1 миллион теңге қаражат бөлінді. Нәтижесінде 75 жоба қаржыландырылып, 100 жаңа жұмыс орны ашылды. Қолдау тапқан жобалар арқасында ауыл тұрғындарының әл-ауқаты жақсарып, сонымен қатар іске асқан жобалардағы ашылған жұмыс орындары арқылы ауыл тұрғындары тұрақты жұмыспен қамтылды, – деді Нұржан Ахатов.

Аудан әкімі қызанақ пастасын, бірнеше салат түрін өндіретін, қуаттылығы тәулігіне 2 тонналық «Барлыбай и К» АӨК цехын мысалға келтірді. Бүгінде цехты шикізатпен қамтамасыз ету үшін кооперативке бірқатар ауылдық округтердің диқандарын тарту жоспарлануда. Бұдан бөлек, биыл «Ауыл аманаты» бойынша кооперативтің қызанақ өнімдерін тасымалдауға арналған жәшік шығару жобасы ұсынылуда.

Сондай-ақ ауданда «Шиелі Құс еті» кооперативінің бройлер тауықтарын өсіретін автоматтандырылған цехы іске қосылған. Цех 4,5 мың бас балапанды 45 күнде 2,5-3,2 кг салмақта өсіріп, таза тауық етін жергілікті азық-түлік дүкендерінде 15-20% төмен бағамен сатуда. Жоба аясында биыл арнайы құстарға арналған құрама жем шығаратын жаңа кооператив құру жоспарлануда.

Мәжілісте ауыл халқын несиелендірумен қатар, өнім өндеу, экспорттау бойынша озық тәжірибелер де айтылды. Жиынға Алматы облысынан арнайы келген «Дәулет Бекет» ЖШС бас директоры Сыдық Дәулетов «Ауыл аманаты» аясында кәсіп бастап, мал шаруашылығымен айналысамын деген жастар болса, тәжірибемен бөлісуге дайын екенін жеткізді.

«Дәулет Бекет» түйе шаруашылығы 2001 жылы ашылған. Содан бергі 23 жыл ішінде бір түйеден мал саны 5 мың басқа дейін жеткен шаруашылықтың тәжірибесі мол. Бүгінде

> *Мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің тағы бір артықшылығы – мектеп асханаларына қажет азық-түлік өнімінің 98 пайызы жергілікті тауар өндірушілер арқылы қамтамасыз етілуінде. Мұндай тәжірибе «Ауыл аманаты» аясында өнім өндірушілерді қолдауда өте маңызды. Данияр Қалымбетов Қызылорда облысынан балық, күріш, басқа да жергілікті өнімдер жеткізу бойынша әріптестік орнатуға дайын екенін айтты.*

тәулігіне 10 тонна түйе сүтін сауып, оны құрғақ сүтке айналдырып, өнімінің 80 пайызын Қытай халық республикасына экспорттап отыр. Шаруашылықтың алдағы жоспарлары да ауқымды. Бірнеше жылда түйе санын 15 мыңға дейін жеткізбек. Шаруашылықта 200 адам жұмыс жасайды.

– Бір ғана түйе сүтінің арқасында «Ақши» ауылын өркендеттік. Сол ауылға не қажет болса, соның барлығын жасадық. Мұқтаж жандарға 12 баспана салып бердік. Қазіргі таңда 20 баспана салып, өз ардагерлерімізге берсек деген ойымыз бар. Бір түйенің сүтімен осындай жетістікке жеттік. Біздің түйе сауу Германия технологиясы бойынша 100 пайыз автоматтандырылған. Зауытымыз да бар. Жұмысын жаңа бастап жатқан шаруалар болса, шаруашылық тәжірибесін көргісі келетіндерге барып-келу жолақысын төлеп, көрсетуге жағдайымыз бар. Барынша қолдау көрсетуге дайынбыз. Сондай-ақ құрғақ сүт өндіру зауытын салуға да тәжірибеміз жетеді. Кейінгі 4 жылда өз өнімімізді экспортқа шығарып отырмыз, – деді Сыдық Дәулетов.

Жиын барысында ауыл шаруашылығы кооперациясының табысты тәжірибесі де таныстырылды. Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданы «Қоскөл» ауылында «Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асыру шеңберінде тұрғындардың барлығы «Жеңіс Ерхан» кооперативіне бірігіп, өз өндірісін дамытуда. Жиынға арнайы келген ауыл әкімі Әділет Мұсағалиев фермерлер ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді бірлесіп дамытып жатқанын айтты. Ауылда өндірілген сүт және ет өнімдері жергілікті нарықта үлкен сұранысқа ие.

– «Қоскөл» ауылдық округінде 900-ге жуық адам тұрады. Былтыр ауылдан 34 адам жобаға қатысып, барлығы 196 млн теңге қаржы алған. Ауыл халқы 100 пайыз бір кооператике біріккен. Осылай бір кооперативке бірігу ауыл халқы үшін өте тиімді, – дейді ауыл әкімі.

Сондай-ақ Түркістан облысынан келген жеке кәсіпкер Данияр Қалымбетов те өз тәжірибесін бөлісті. Қоғамдық тамақтану саласында 25 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келе жатқан кәсіпкер мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалары туралы айтты.

– Қазіргі уақытта Түркістан облысында 24 нысан бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Оның 20-сы – мектеп-интернат асханалары, 4-і – әлеуметтік орталықтар. Бүгінгі күнге дейін 500 миллион теңге қайтарымсыз инвестиция салып, мектеп асханаларын жаңғыртудан өткіздік. Жоба оң нәтиже берген соң, Түркістан облысы 500 мектеп бойынша осындай конкурс жариялап, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 3 миллиард теңге инвестиция тартуды жоспарлап отыр, – деді Данияр Қалымбетов.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің тағы бір артықшылығы – мектеп асханаларына қажет азық-түлік өнімінің 98 пайызы жергілікті тауар өндірушілер арқылы қамтамасыз етілуінде. Мұндай тәжірибе «Ауыл аманаты» аясында өнім өндірушілерді қолдауда өте маңызды. Данияр Қалымбетов Қызылорда облысынан балық, күріш, басқа да жергілікті өнімдер жеткізу бойынша әріптестік орнатуға дайын екенін айтты.

Мәжілісті қорытындылаған ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова бағдарламаны іске асыру бағытында бірқатар ұсыныс айтты.

– Алдағы дүйсенбіде Үкімет басшысы үлкен жиын өткізеді. Жиында әрбір облыс әкіміне азаматтардың табысын арттыру бойынша рейтинг қойылады. Қазір Қызылорда облысында 853 277 адам, 225 мың отбасы тұрады екен. Былтырдан бастап әр отбасының цифрлық картасын енгіздік. Бұл ретте өзін-өзі жұмыспен қамтыған, табысы ресми тіркелмеген азаматтар да бар. Олар туралы деректер нақтыланып, ақпараттық жүйеде көрсетілуі керек. Жыл соңына дейін аймақ басшылығы әрбір отбасының жағдайын жеке қарап, бұл деректерді нақтылауы тиіс. Биыл күнкөріс деңгейінен төмен өмір сүріп жатқандар санын кемінде 5 пайызға азайту қажет, – деді Тамара Дүйсенова.

Сондай-ақ вице-премьер мемлекеттік бағдарламалардың, соның ішінде «Ауыл аманаты» жобасының негізгі мақсаты халықтың табысын арттыру екенін баса айтты. Бұл ретте ауыл халқының табысын арттырудың негізгі үш жолы бар – жаңа кәсіпорындар ашып, азаматтарды жұмыспен қамту, жеке кәсіпкерлікті несиелендіру, әлеуметтік жұмыс орындарына мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен жастарды тарту.

«Ауыл аманаты» жобасының дұрыс жүзеге асырылуы ауыл әкімдерінің жұмысына байланысты. Ауыл әкімі мемлекеттік бағдарламалардың барлығын біліп, мүмкіндіктерін толық пайдалануы тиіс.

Тамара Дүйсенова жоба қатысушыларының әлеуметтік жарна төлемеуі мәселесін де айтты. Былтыр облыста «Ауыл аманаты» бойынша несие алған 406 азаматтың 241-і немесе 59 пайызы ғана әлеуметтік жарна төлеген. Мәселе АШМ деңгейінде де көтеріліп отыр. Себебі, былтыр республика бойынша несие алған 17 мың адамның 4 мыңнан астамы ғана әлеуметтік жарна төлеп отыр.

– Сондықтан ақпараттық жүйелердегі деректерді нақтылап, несиені кім не үшін алғаны, қаржысын қайда жұмсағаны туралы ақпаратты ауыл әкімінен бастап, облыс әкімі, Ауыл шаруашылығы министріне дейін қарап отыруы қажет. Жоба аясында несие алған азаматтардың барлығы күзге дейін жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, әлеуметтік жарналарын төлеуі тиіс, – деді вице-премьер.

Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

1-бет

Тамара Дүйсенова, ҚР Премьер-министрінің орынбасары:

«ӨҢІРАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ НЫҒАЙТУ КЕРЕК»

ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенованың облысқа жұмыс сапары Қазалы ауданында жалғасты.

«Ауыл аманаты» жобасы шеңберінде Салтанат Ражатова 8,6 млн теңге несие иеленіп, жылыжай өсіруді қолға алған. Былтыр басталған кәсіп алғашқы жемісін бере бастады. 160 шаршы метр аумаққа қияр егіліп, 800 келі өнім жиналған.

– Отбасымызбен осы жылыжай жұмысын жүргізе бастадық. Әзірге нәтиже жаман емес деп санаймын. Өнімге сұраныс бар. Кәсіпкер үшін маңыздысы – осы. «Ауыл аманаты» бойынша берілетін несие шарттары өте тиімді. Тек еңбек етуге ниет болуы керек, – дейді ол.

Ауданда ауыл шаруашылығынан өзге бағытты таңдағандар да бар. Толқын Бижанова алғашқыда кондитерлік өнімдерді үйден әзірлеп, ауылдастарының тапсырысы бойынша жұмыс істеп келген. «Ауыл аманаты» жобасы туралы естіп, кәсібін кеңейтіп, цех ашуды ұйғарған. 6,5 млн теңге жеңілдетілген несиенің арқасында мақсаты орындалып, 4 адамды жұмыспен қамтуда.

Ал Ғалия Қартабаева – аудандағы жас кәсіпкер. «Ауыл аманаты» бағдарламасына ер азаматтарға тән жұмыс болса да жоба ұсынған. 5,4 млн теңге несие алып, автокөлік жөндеу және жуу орталығын ұйымдастырған. Қазір онда екі адам жұмыспен қамтылған.

«Еңбек етуге ниеті бар адам кез келген кәсіпті қымсынбай қолға алуы керек» дейді Ғалия Қартабаева.

Қазалыда түйе ұстайтын шаруалар баршылық. Алайда сүті сауылған күйі сатылуда. Оны терең өңдеуге қатысты кеңес берер, қажет болса, үйретер жандар бар. Мысалы, Алматы облысындағы «Дәулет Бекет» ауыл шаруашылығы кәсіпорны шұбаттан бірнеше өнім әзірлейді. Тіпті сусынның ұнтақталған түрін ұсынуда.

Аймақ тұрғындарымен, аудан, ауыл әкімдерімен кездескен вице-премьер ауылдарда кооперативке бірігу тәжірибесін кеңінен қолдану қажеттігін атап өтті. Елімізде 3-4 адам емес, бір шаруашылық аясында бүтін ауыл болып жұмылудың мысалдары бар. Мәселен, Батыстағы «Қоскөл» ауылы. Елді мекендегі барлық 227 ауланың басын қосқан серіктестік тәжірибесі туралы ауыл әкімі Әділет Мұсағалиев айтып берді.

Ал өндірілген өнімді кәдеге жаратудың бір жолы ретінде Түркістан облысының тәжірибесі ұсынылды. Мұнда кәсіпкер Данияр Қалымбетов мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында аймақтағы әлеуметтік нысандардың асханаларын жөндеп, оларды азық-түлікпен қамту ісін қолға алған. Мектеп-интернаттар, медициналық әлеуметтік нысандарға қызмет көрсетуде. Тағамға қажетті өнімдерді орталықтандырылған жолмен сатып алып, мекемелерді қамтамасыз етеді.

Аталған тәжірибе Сыр өңірінде де енгізілуі мүмкін. Осы ретте «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияның көмегі қажет. Шаруалардан сатып алынған көкөніс, ет, сүт өнімдері әлеуметтік нысандар асханаларының қажетіне жарайтын болады.

Тамара Дүйсенова елдегі оң тәжірибелерді кеңінен тарату, өңіраралық байланысты нығайтудың маңызды екенін атап өтті.

– Әр облыстың, әрине, өзіндік ерекшеліктері бар. Алайда өзара байланыс арқылы бірлесіп, жетістікке жетуге болары даусыз. Сайып келгенде, бұл азаматтарымыздың тұрмысын жақсартуға елеулі әсер етеді. Әр азаматтың, отбасының бақуатты болуы мемлекетіміздің тұрақтылығының негізі екенін естен шығармайық, – деп атап өтті Тамара Дүйсенова.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

1-бет

ГАЗ ТАПШЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ ТАМЫЗДА ШЕШІЛЕДІ

Қызылордада бірнеше күннен бері автогаз тапшы. Жанар-жағармай құю бекеттерінің алдында арзан отынды күтіп, қаңтарылған көлік егелерінің көңілі күпті. Өйткені газ тек талонмен беріліп жатыр. Аймақта қалыптасқан ахуалға орай облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев түсінік берді.

Белгілі болғандай, бұл Қызылорда облысында ғана емес, еліміздің барлық өңірінде байқалып отыр. Республика бойынша мұнай газының тапшылығы 20-25 пайызға жеткен. Энергетика министрлігі мұның себебін сұйытылған газ пайдаланатын көлік санының артуымен (2022 жылы – 491 мың, 2023 жылы – 582 мың) байланыстырады.

Өңірде де өсімді байқау қиын емес. Облыстық полиция департаментіне тіркелген газбен жүретін көлік саны 2021 жылы 4528 болса, 2022 жылы 7290, 2023 жылы 29828, биыл 6 айда 33908-ге жеткен. Демек, 2022 жылдан бері 4 есе артты.

– Облыста 210 газ құю бекеті, 6 газ сақтау қоймасы арқылы 25 оператор газ сатумен айналысуда. Сұйытылған мұнай газының бөлінісі Энергетика министрлігі бекіткен қағидаға сәйкес жүргізілуде. Өңір бойынша газдың бір айдағы қажеттілігі – 9 мың (күніне – 300) тонна. Шілде айына 7406 тонна газ бөлінді, тамыз айына – 7682, қыркүйек айына – 6680 тонна. Осыған орай кейбір жергілікті операторлар газды лимит арқылы сатуға мәжбүр. Дегенмен, облыстағы негізгі ірі операторларда газ саудасы тоқтаған жоқ, – деді облыс әкімінің орынбасары А.Зебешев.

Әкімдіктің мәліметіне сүйенсек, газ толтыру станциялары мен зауытта 1558 тонна газ қалдығы бар. Операторлар оны кестеге сәйкес тасымалдауда.

– Газ қорына күнделікті мониторинг жүргізіледі. Энергетика министрлігімен бірлесе атқарылған жұмыс нәтижесінде облысқа 570 тонна қосымша газ бөлінетін болды, – деді Ардақ Зебешев.

Еске салсақ, шілдеден бастап елімізде сұйытылған мұнай газының бағасы қымбаттады. Өңірде шекті бөлшек саудадағы бағасы литріне – 70 теңге, облыс орталығынан 200 шақырымнан әрі аудандарда – 75 теңге. Тұтынушылар үшін баға 9 пайызға, ал газ желісі ұйымдары үшін газ өңдеу зауыттарынан сатып алу бағасы 12 пайызға өсті.

– Мысалы, министрліктің бұйрығына сәйкес кейбір шекаралас облыстарда бізден қымбат. Шекаралас облыстардағы газ тапшылығына байланысты өңірімізде сұйытылған мұнай газымен қамтамасыз етуде қиындықтар туындады. Сондықтан өңірге бөлінген газды басқа облыстарға тасымалдау жағдайларын болдырмау үшін шекараға арнайы бекеттер қойылды, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Сонымен қатар облыс шекарасына жақын аудандарда газ сатылымына лимит орнатылды. Әр автокөлікке – 2000 теңге/29 литр. Облыс әкімдігі көлік егелерін алаңдатқан ахуал тамыз айының басында қалыпқа келетінін, мәселе аймақ басшысының тұрақты бақылауында екенін атап өтті.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Фото: Ашық дереккөзден

«МЫҢ БАЛА» СПОРТ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

Кеше Қызылорда қаласының әкімі Серік Қожаниязов «Ақмешіт» шағын ауданында «Мың бала» спорт кешенінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Шаһар басшысы тұрғындарды жаңа нысанның ашылуымен құттықтады. Бұл туралы қала әкімдігінің әлеуметтік желідегі парақшасында жарияланды.

– Қызылорда – өркенді өзгерістер мен жаңа жобалар қанат жайған мерейлі мекен. Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен және облыс әкімінің үйлестіруінің арқасында қаламызда тұрғындарымыздың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бастамалар сәтті жүзеге асуда. Халықтың игілігі, балалардың кемел келешегі үшін заманға сай әлеуметтік нысандар құрылысы қарқынды жүруде.

Озық ойлы ұлт қалыптастыруда балаларымыздың білімді, салауатты, адал азамат болуы үшін барлық жағдай жасалуда. Оның дәлелі, облыс орталығында «Шығармашылық академиясы», «Оқушылар сарайы», физика-математика бағытындағы мектеп-интернат, музыкалық колледж және «Жайлы мектептер» салынуда. Бұл өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңірудегі ауқымды шаралар деп түсіну керек.

Облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының ұйымдастыруымен қаламызда заманауи спорт нысандары бой көтеруде. Биыл қаламызда үстел теннисі орталығы, халықаралық талаптарға сай 10 000 орындық жаңа стадионның құрылысы қарқынды жүруде.

Халықты бұқаралық спортқа баулуға бағытталған игілікті істердің жалғасы ретінде 30 000 баланы спорттық үйірмелермен қамтуға мүмкіндік беретін көпбейінді «Қызылорда Арена» спорт кешені салынады.

Бүгін Франция елінде бүкіл әлем көз тіккен байрақты бәсеке – XXXIII Жазғы Олимпиада ойындары басталады.

Дүбірлі додаға қаламыздың 4 спортшысы: Қамшыбек Қоңқабаев, Айдос Сұлтанғали, Жұбаназар Абылайхан, Шархан Нұрлыхан қатысып, ел намысын қорғайды. Спортшыларымыздың жеңіс тұғырынан көрінуіне тілектестік білдіреміз, – деді Серік Салауатұлы.

Спорт кешенін салған «Абай-Дәулет» серіктестігінің басшысы Мұрат Абайұлы Сәрсенбаевқа қала тұрғындары атынан алғыс білдірілді.

Құны 500 млн теңгені құрайтын «Мың бала» спорт кешенінің жалпы ауданы – 5000 шаршы метр. Мұнда бокс, кикбокс, таэквондо, дзюдо, самбо, қазақша күрес, грек-рим күресі, волейбол,

баскетбол, футбол, ұлттық би, ұлттық садақ ату спорт түрлерінен 1000-нан аса бала өз шеберліктерін шыңдайтын болады. Бұл кешен «Ақмешіт» шағын ауданындағы М.Саламатов көшесінің бойында орналасқан.

«СБ» ақпарат

№114-115 (20788-20789) 27 шілде, сенбі 2024 жыл

БАЙҚОҢЫРДАҒЫ БАЙЫПТЫ БАСТАМАЛАР

Байқоңыр – елдің саяси-экономикалық таразысында салмағы басым аймақ. Мұнда мемлекеттік бағдарлама мен әлеуметтік жобалардың әлеуеті артып, жылдан-жылға шаһардың шырайы кіруде. Әсіресе, жастар саясаты, халықаралық келісім аясын кеңейту, қазақ тілі мәртебесін көтеру секілді ілкімді іс жалғасын тауып келеді. Осы орайда Байқоңыр қаласындағы ауқымды өзгерістерді тарқатуды жөн санадым.

Есте болса, облыс әкімі мен Байқоңыр қаласы әкімшілігі басшысы «Байқоңыр қаласының жастарын қолдау жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын» бекіткен болатын. Кешенді жоспар аясында жыл көлемінде бірлескен мәдени-көпшілік, спорттық шаралар ұйымдастырылып келеді. Облыс жастарын зымыран ұшырылымы мен ғарыш айлағына экскурсияға әкелу, Байқоңыр жастарын Қызылорда қаласына экскурсияға апару және тәжірибе алмасу бойынша ауқымды шаралар жүргізілуде.

Қала жалға беру жағдайында жұмыс жасайтын болғандықтан, ұлттық құндылықтарды насихаттау және дәріптеу мәселесі аса маңызды. Қоғамдық құндылықтарды жаңарту және Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жағдайында ақпараттық материалдарды визуализациялауға ықпал ету қажет. Тарихи, саяси және әлеуметтік құндылықтарды білдіретін ақпаратқа, сондай-ақ жаңа Қазақстанның дамуы шеңберінде қазақстандық қоғамдағы өзгерістерге қол жеткізуді қамтамасыз ету орынды.

Осы мақсатта облыс әкімдігі мемлекеттік саясаттың негізгі аспектілері, алдағы маңызды оқиғалар туралы ақпараттандыру үшін қала аумағында ақпараттық баннерлер орналастырды. Сонымен қатар, қалада қазақстандық барлық ұлттық және мемлекеттік мерекелер де жоғары деңгейде аталып өтуде.

Ұлттық құндылықтарды насихаттау және дәріптеу мәселесінде ең басты жағымды жаңалығымыз, бұл Республика күніне орай қаланың бірқатар көшелеріне қазақтың ұлы тұлғаларының есімдерінің берілуі деп білемін.

Бұдан былай қаладағы «Авиационный» көшесі даңқты әскери қолбасшы, жазушы Бауыржан Момышұлының, «Гостиничный проезд» көшесі Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың, «Внутриквартальный проезд» көшесі қазақтың тағы бір қаһарман қызы, Кеңес Одағының батыры Мәншүк Мәметованың атымен аталады. Сондай-ақ ұзын көшелердің бірі – «Набережная» көшесі Қорқыт ата атындағы жағалау болып өзгерді.

Жұлдызды қаладағы көшелердің қазақшалануы – тарихи оқиға. Жергілікті халық бұл жаңалықты зор қуанышпен қабылдады. Бұл маңызды үрдіс одан әрі жалғасын табатын болады.

Қазіргі таңда Байқоңырдағы білім беру саласында мемлекеттік стандарт беки түсті. Мысалы, қаладағы қазақстандық білім беру стандарты бойынша жұмыс жасайтын 5 мектепте жоғары сынып оқушыларына «Жас сарбаз», «Жас құтқарушы», «Полицияның жас қызметкерлері» және тағы басқа мектеп жоспарына сәйкес үйірме, орталық жұмыстары ұйымдастырылған.

Айта кету қажет, Байқоңыр қаласының ерекше статусына байланысты туындайтын өзекті және проблемалық мәселелер «Байқоңыр» кешені жөніндегі Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясында қаралды.

Қазіргі таңда Байқоңыр қаласы әкімшілігіне қарасты М.Янгель атындағы №7 орта мектебінде аталған пәндер факультатив ретінде оқытылуда (54 оқушы, аптасына 1 рет). Басқа

мектептерге аталған пәндерді оқыту бойынша облыстық білім басқармасымен жұмыстар жүргізілуде. Сондай-ақ сәуір айында Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ғ.Бейсембаевтың Қызылорда облысына жұмыс сапарының нәтижесімен «Қызылорда облысы Байқоңыр қаласының 2023-2026 жылдарға арналған білім беру жүйесін дамыту бойынша жол картасы» бекітілді. Онда жалпы 29 іс-шара бекітілген, атап айтқанда, Байқоңыр қалалық білім бөлімін, балабақша, қосымша білім беру орталығын ашу, жайлы жағдайдағы 600 орындық мектеп салу және тағы басқа.

Бүгінде жол картасын іске асыру мақсатында құрылыс нысандарына жер телімдерін белгілеу бойынша шаралар қабылдануда. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының білім стандарттары бойынша 3 балабақша жұмыс істейді, онда 685 бала тәрбиеленуде. Қалада мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының санын арттыруда 2 нысан жалдан шығарылып, соның негізінде облыстық білім басқармасы арқылы өткен жылы балабақшалар ашылды. Балалардың жалпы саны – 2972. Оның ішінде Ресей Федерациясының балабақшасында 2114 бүлдіршін, оның 1420-сы Қазақстан Республикасы

азаматы, Қазақстан Республикасы балабақшасында 858 бүлдіршін тәрбиеленуде. Осы орайда қаладағы қазақстандық мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының саны 3-тен 5-ке дейін жетті. Осы нысан негізінде тағы да бір балабақша іске қосылады.

Қазақстандық стандарт бойынша білім беру ұйымдарының санын арттыру жұмыстары одан әрі жалғасын табады. Биыл жалдан шығарылған нысан негізінде балабақша ашу жоспарлануда.

Айта кетейік, қалада 12 мектеп жұмыс істейді, оның ішінде 5-еуі қазақстандық білім беру стандарты бойынша жұмыс жасайды. Оқушылардың жалпы саны – 8477. Оның ішінде Ресей Федерациясының мектептерінде 3179 оқушы болса, оның 1282-сі Қазақстан Республикасының азаматы, Қазақстан Республикасы мектептерінде 5298 оқушы білім алады.

Қалада рухани, идеологиялық жаңалық ғана емес, инфрақұрылымдық, медицина мен спорт бағытында өзгеріс жетерлік. Тақырыпты тұрғын үй құрылысынан бастайық.

Қазір қалада көпқабатты 351 үй бар (оның ішінде 9 үй тоғыз қабатты). Тұрғын үй мәселелерін шешу үшін Қазақстан Республикасының қаражаты есебінен 2019 жылы 30 жылда алғаш рет «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында бес 50 пәтерлі тұрғын үй салынды және барлық пәтерлер қала тұрғындары, Қазақстан азаматтары арасында бөлінді. Жаңа «7 А» шағын ауданы құрылды.

2021 жылдан бастап Байқоңыр қаласының «7 А» шағын ауданында «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 50 пәтерлі бес тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде.

Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы екіжақты келісімге сәйкес, ондағы желілер жалға алынып, облыстық коммуналдық меншікке берілді. «Байқоңыр қаласында сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін қайта құру және жаңғырту» жобасы аясында кәріз желілері қайта жаңартылды. Аталған жұмыстарды жалғастыру үшін 2024 жылға 500 млн теңге бөлінді. Бұдан бөлек, облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес қаладағы тұрғын үй қоры мен инфрақұрылым жүйелеріне тексеру жұмыстары жүргізілді. Тиісті жұмыс тобы құрылып қала әкімшілігімен бірлескен инфрақұрылым жүйелеріне тексеру жасалды.

«Байқоңыр» кешенін газбен жабдықтау туралы келісімге сәйкес қалада барлық көппәтерлі тұрғын үйлер газға қосылды. Бұл табиғи газдың қолданыстағы тарифін 16 есеге төмендетіп, облыс бойынша қолданыстағы көрсеткішпен теңестірілді.

Айта кетерлігі, қаланың жылу-электр стансасы қымбат мазутта жұмыс істейді, бұл тарифтерге әсер ететіні сөзсіз. Бүгінде қала әкімшілігі «Байконырэнерго» өндірістік-энергетикалық бірлестігі жылу-электр станциясын мазуттың негізгі отынынан табиғи газға ауыстыру бойынша жұмыс жүргізуде. Жылу-электр стансасын газдандыру бойынша жұмыс кешенін 2027 жылы аяқтау жоспарланған.

ЖЭС-ті табиғи газға ауыстыру қала мен ғарыш айлағын ЖЭС-те өндірілген арзан жылу және электр энергиясымен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермек. Өйткені ыстық су өндіру және табиғи газды пайдалану арқылы жылумен жабдықтау құны мазутты пайдаланудан әлдеқайда арзан.

Кейінгі жылдары денсаулық сақтау саласы бойынша мемлекетаралық келісімге сәйкес қарқынды жұмыс жүзеге асты. Бүгінде Байқоңыр қаласында қазақстандық және ресейлік медициналық ұйымдар қызмет көрсетеді. 2016 жылдан бастап Байқоңыр қаласының көпбейінді ауруханасы жұмыс жасайды. Мекемеде 105 стационарлық орын (күндізгі стационар – 65 орын) бар, жалпы ауруханаға 42148 тұрғын тіркелген. Оның ішінде Байқоңырда – 28843 адам, Ақайда – 4693 адам, Төретамда – 8612 адам. Ауруханада 598 қызметкер жұмыс жасайды, оның ішінде 88 дәрігер, 323 медбике, 85 аяжан, 102 әкімшілік қызметкер халыққа қызмет көрсетеді.

Байқоңыр қаласы көпбейінді ауруханасының құрылымдық бөлімшелеріне келсек, «Төретам» ауылдық емханасы (10 төсектік күндізгі стационар), «Төретам» ауылдық ауруханасы (25 төсектік күндізгі стационар, «Ақай» ауылдық дәрігерлік амбулаториясы (5 төсектік күндізгі стационар) жұмыс істейді. Ауруханаының материалдық-техникалық базасын жаңартуға әркез мән берілген. Қазақстандық азаматтарға барлық қажетті медициналық көмек көрсетілуде.

Қалада гемодиализ орталығының қызметіне жүгінетін азаматтарға қолайлы жағдай жасау мақсатында жеке кәсіпкермен келіссөз жүргізіліп, Байқоңыр қаласындағы көпбейінді ауруханадан өткен жылдың желтоқсан айында гемодиализ орталығы ашылды.

Спорт саласында да серпін бар. Жыл басынан бері қаламызда республикалық және облыстық деңгейде бірнеше іс-шара ұйымдастырылды. Атап айтқанда, 12 сәуір – Дүниежүзілік авиация және ғарыш күніне орай осы саланың қызметкерлері, ардагерлері мен тұрғындардың қатысуымен мерекелік салтанатты шара өтті.

Оған қатысушылар Юрий Гагарин мен ғалым-конструктор, КСРО Ғылым академиясының академигі Сергей Королевтің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қойды.

Сонымен қатар, велоспорттан Қазақстан Республикасының чемпионаты өткізілді. Қазақстан Республикасы Спорт және туризм министрлігі мен РесейФедерациясыспортминистрлігінің Спорт және денешынықтыру саласындағы екіжақты келісіміне сәйкес және 12 сәуір – Космонавтика күніне орай жастар арасында велоспорттан Қазақстан Республикасының чемпионаты жарияланды. Жарысқа көршілес Ресей, Қырғызстан және еліміздің түрлі өңірлерінен 200-ге жуық спортшы қатысты. Чемпионаттың 1 кезеңі – жасөспірімдер арасында 50, ардагерлер арасында 40, әуесқойлар арасында 20 шақырым топтық-айналмалы жарыс болды. 2 кезең де «Байқоңыр» ғарыш айлағы аумағында өтіп, жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды.

Халық сұранысының басым бағыты – азық-түлікке қолжетімділік. Жыл сайын Байқоңыр қаласының аумағында азық-түлік бағасын тұрақтандыру және негізсіз көтеруге жол бермеу мақсатында ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері өтуде. Әр жәрмеңкеге Қазалы, Арал және Қармақшы аудандарының шаруа қожалықтары мен «Байқоңыр» ӘКК-нің тауар өндірушілері өнімдерін әкеледі. Өнімдер нарықтық бағадан 15-20 пайызға төмен сатылуда.

Орайы келгенде тұтынушы туралы да толымды ақпарат берсек. Қазіргі таңда Байқоңыр қаласында 57,4 мың адам тіркелген, оның ішінде 40,6 мыңы Қазақстан Республикасының, 15,5 мыңы Ресей Федерациясының және 1,4 мыңы басқа мемлекеттердің азаматтары. Қаладағы жұмыссыздық деңгейі 2,3 пайызды құрайды.

Бұл жерде айтып өтетін басты мәселе, қалада өндіріс орнының болмауына және кәсіпкерліктің әлсіз дамуына байланысты жаңа жұмыс орындарын құруда қиындықтар тууда. Осы орайда қалада жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» шеңберінде көрсетіледі. Өткен жылы тұрақты жұмыс орындарына 385 адам орналасты. Биыл жыл басынан 124 адам жұмыспен қамтылған. Сонымен қатар, «Бастау бизнес» кәсіпкерлік негіздерін оқыған 50 тұрғынға 69 млн теңге сомасында өтеусіз грант берілді. Негізінен мал шаруашылығы, құс шаруашылығы, шаштараз қызметі, шағын типография ашу, жартылай фабрикат өнімдерін дайындау және т.б. қызметтерге бөлінді. Сондай-ақ «Жасыл ел» жобасы аясында осы жылдың маусым-тамыз айларының аралығында маусымдық жұмыстарға жастар қатарынан 170 адам қамтамасыз етілді. Бұл жұмыс биыл да жалғасын таппақ.

Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сай, халықпен кері

байланысты қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының тапсырмасына сәйкес, жүйелі түрде жеке қабылдаулар және құқық қорғау органдары басшыларымен қоғамдық қабылдаулар өтуде. Онда көтерілген мәселелер жіті бақылауға алынып, тиісті сала басшыларымен заң талаптарына сәйкес жұмыстар жүргізілуде.

Екі мемлекеттің өзара ынтымақтастығы кез келген мәселені дер кезінде әрі екі тарапқа да тиімді шешуге жәрдемдесуде. Мұның басты көрінісі РФ жалға алған нысан мен жерлерді жалдан шығару мәселесінде көрінді. Мәселен, облыс әкімдігі РФ жалға алған «Байқоңыр» кешенінің объектілерін жалдық құрамнан шығару және әлеуметтік қамсыздандыру мен кәсіпкерлік объектілерін ашу үшін Қызылорда облысының коммуналдық меншігіне беру бойынша тұрақты негізде жұмыстар жүргізуде.

«Байқоңыр» кешенінің кейбір жер учаскелерін жайылымдық жерлер үшін жалдан шығару мәселесіне келсек, 61 мың гектарға жуық жер учаскесін «Төретам» және «Ақай» елді мекендері тұрғындарына жайылымдық жерлер ретінде жалдан шығару пысықталуда. Жер учаскелерінің шекараларын нақтылау, тірек нүктелерінің географиялық координаттарын анықтау, жер учаскелерінің шекараларында коммуникация элементтерінің болуын анықтау, тиісті актілерді рәсімдеу мақсатында тараптар өкілдерінің қатысуымен бірлескен топ жұмыс жүргізуде.

Ел мен елді жақындастыру, достық мақсатқа ұйыстыру ақпараттық демеусіз жүзеге аспасы белгілі. Осы мақсатта өткен жылдан бастап қалада «Qyzylorda» телеарнасының корреспонденттік пункті ашылды.Ендігі кезекте тілшілер қаладағы маңызды оқиғалар мен өткізіліп жатқан іс-шараларды облыс көлемінде насихаттайтын болады.

Бұдан бөлек, қаладағы мемлекеттік жастар саясаты, Қазақстанның әлеуметтік жобаларының жүзеге асуы облыс әкімдігінің тікелей бақылауында.

Мысалы, таяуда «Таза Қазақстан – Таза аймақ» республикалық экологиялық акциясы жалғасып, 6 сәуір-11 мамыр аралығында өтті. 6-13 сәуір аралығында «Таза өлке» апталығы бастау алып, әрбір ұжым бөлінген қала аумағындағы көшелер мен саябақтарда, демалыс орындарында тазалық жұмыстарын жүргізді.

«Киелі мекен» апталығында Байқоңыр қаласындағы тарихи-мәдени ескерткіштер айналасын абаттандыру, оның барысында ретке келтіру шаралары атқарылды. «Жасыл аймақ» апталығында қаламызды көгалдандыру және көркейту мақсатында ағаш отырғызылды. «Өнегелі ұрпақ» апталығында қалалық «Ардагерлер үйі» және ҰОС және тыл ардагерлерінің үй-жайларына тазалық жасалды. Ардагерлер ризашылықтарын білдіріп, ақ баталарын берді. «Мөлдір бұлақ» апталығы аясында Сырдария өзенінің Байқоңыр қаласынан өтетін тұсы күл-қоқыстан тазартылды. Акцияға қаланың 3000-ға жуық мекеме ұжымы қатысып, қаланың санитарлық жағдайын жақсартуға, қоқыс шығаруға өз үлестерін қосты.

Жалпы Байқоңырдағы оң өзгерістің көрінісі – еларалық келісімнің сәтті жүзеге асуы. Алдағы уақытта кәсіби дипломатиялық қызмет, өзара байланыс нәтижесінде жемісті бастамалар жалғасын табатыны анық.

Қайрат НҰРТАЙ,
ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі,
облыс әкімінің орынбасары

ШАРУАСЫ ШИРАҚ ШИЕЛІ

Шиелі ауданының экономикалық даму динамикасы көш ілгері. Мұны өткен жылы тартылған инвестиция мен ауыл шаруашылығы көлемінен-ақ аңдауға болады. Ал биылғы меже бұдан да жоғары. Мысалы, қазір өңдеу өнеркәсібі көлемі 18 млрд 806 млн теңгеге жетсе, инвестиция көлемі 25 млрд теңгеден асқан. Инфрақұрылым ауқымы ұлғайып, жұмыспен қамту қарқын алды.

Бұл – ресми есеп-қисаптың бір бөлігі. Өңірлік коммуникациялар алаңында өткен жиында Шиелі ауданының әкімі Нұржан Ахатов өзге де жағымды жаңалықты бөлісті. Басым дені халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған. Әсіресе, жыл басынан бері 1618 жұмыс орны ашылып, кәсіпкерлерге қаржылық қолдау көрсету ұлғайған.

– Шиеліде кәсіпкерлік әлеует жоғары. Мәселен, жартыжылдықта 183 жоба бойынша несие беріліп, 254 адам жұмыспен қамтылды. Өткен жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 75 жоба қолдау тапқан болатын. Оның ішінде асыл тұқымды мал және құс шаруашылығы бойынша 8, балық және омарта шаруашылығы аясында 16, егін шаруашылығы бойынша 16, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру бойынша 4 және басқа бағытта 31 жоба қаржыландырылды, – деді аудан әкімі.

ХАЛЫҚ ТІЛЕГІ ҚАЛЫС ҚАЛМАДЫ

Кейінгі жылдары әкімдік аудандағы инфрақұрылымды дамытуды жетілдіре түскен. Ауызсумен қамту, газдандыру, жол салу көрсеткішінде көп өзгеріс байқалады. Мысалы, аудан бойынша 39 елді мекеннің 95 пайызы сапалы ауызсумен қамтамасыз етілген. «Қызылқайың», «Қосүйеңкі» елді мекендерінде ауызсу жүйесінің құрылысына 447 млн теңге бөлініп, пайдалануға берілген. Биыл «Ақтам», «Лесхоз» елді мекеніне су тұшытқыш орнатуға аудандық бюджеттен 40 млн теңге қаржы қаралып, мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде Шиелі ауданы 100 пайыз сапалы ауызсумен қамтамасыз етілетін болады.

Тұрғындар тарапынан электр желілерінің жай-күйі туралы мәселе көп көтерілетін. Өткен жылы 22 ауылға трансформатор орнатылса, биыл бұл бағыттағы жұмыстар екі кезеңге бөлінген. Алғашқы кезеңде 719 млн теңге бөлініп, тозығы жеткен трансформатор мен электр желілері ауыстырылуда. Екінші кезеңде желілерді қайта құрылымдау жүргізілмек. Екі кезең сәтті жүзеге асса, 38 мың тұрғын сапалы электр энергиясын тұтынады деген сөз.

Есте болса, өткен жылы «Еңбекші», «Жиделіарық», «Бестам», Ә.Тәжібаев, «Алмалы», Досбол ауылдары «көгілдір отынға» қосылды. Жыл аяғына дейін бұл қатарға «Ортақшыл» елді мекені де қосылмақ. Нәтижесінде ауданды газдандыру көлемі 80 пайызға көтеріледі деген болжам бар.

– Қазіргі таңда аудандық маңызы бар «Самара-Шымкент» автомобиль жолының 8 шақырымын қайта жаңғыртуға, Тәуелсіздік, Дәулеткерей, М.Шоқай көшелерін күрделі жөндеуге қаржы бөлінді. Сондай-ақ «Самара-Шымкент-Жөлек», «Шиелі-Қарғалы-Байкенже-Жаңақорған» жолдарын, «Самара-Шымкент-Қодаманов» көпірін жөндеу жоспарланған, – деді аудан әкімі.

ДИҚАННЫҢ ДАРА ЕҢБЕГІ

Биыл Шиелі ауданында 31 501 гектар жерге егін егілсе, оның 12 918 гектары, яғни негізгі үлесін күріш егістігі құрайды. Сондай-ақ ауданда егінді әртараптандыруға ерекше ден қойылған. Мәселен, 1421 гектарға бидай, 1250 гектарға тары мен жүгері, 9923 гектарға малазықтық дақылдар мен 5495 гектарға бақша дақылдары орналастырылған. Ауданда суды үнемдеу мақсатында тамшылатып суғару әдісімен 2050 гектар жерге көкөніс және бақша дақылдары егілген.

– Биыл ауыл шаруашылығы саласы бойынша 4 млрд 496 млн теңгенің өнімі өндірілді. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және импортты азайту мақсатында әр отбасының өзін-өзі әлеуметтік маңызы бар өнімдермен қамтамасыз ету үшін шаруашылық құрылымдарымен 1550 гектар жер дайындалып, бау-бақша өнімдері егілді. Ауыл шаруашылығы құрылымдары бүгінде жаңа үлгідегі техникалармен толыққан. Техника паркі кейінгі 4 жыл көлемінде отандық және шетелдік техникалармен 63 пайызға жаңарды. Биыл жаңадан 30 ауыл шаруашылығы техникалары алынып, 1,1 млрд теңге инвестиция тартылды,– деді Нұржан Сәбитұлы.

Күріштi суға бастыратын жауапты сәтте су мамандары белсене еңбек еткен. Олар шаруашылықтарға 59 дана су насосын қойған. Сондай-ақ «Шиелісушар» өндірістік учаскесі теңгерімдегі 5 каналды, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы арқылы 6 каналды тазалап, сындарлы сәтте абырой таныта білген.

Сырдария өзеніндегі су жағдайын реттеу мақсатында аудан аумағындағы «Шиелі-Телікөл», «Бұлақты», «Тарша», «Ошақты», «Қалғандария», «Таушұқырой» және Ханқожа көлдер жүйесіне 367 млн текше метр су жіберілген. Нәтижесінде соңғы он жылда су бармаған көлдер мен шабындық-жайылымдардың 98,5 пайызына су жетіп, қолайлы жағдай қалыптасып отыр.

Ерсін ШАМШАДИН,
«Сыр бойы»

ҚАРМАҚШЫ: ӨНІМДІ ЕҢБЕКПЕН КЕЛГЕН ӨСІМ

Қармақшы ауданының әлеуметтік-экономикалық жағдайы жыл сайын жақсаруда. Оның дәлелін аудан бюджетінің артуынан көруге болады. Жыл басынан атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы баяндаған аудан әкімі Жандос Еркінбек әр сала бойынша көрсеткіштерге тоқталды.

– Қазіргі таңда аудан бюджеті 17 млрд 177 млн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 18,4 пайызға артып отыр. Оның ішінде ауданның өз кірісі биылға 2 млрд 441 млн теңге болып, былтырғыдан 386 млн теңгеге өсті. Макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша да барлық салада өсім бар. Жалпы аудан ауыл шаруашылығына негізделген аймақ. Сондықтан макроэкономикалық көрсеткіштердің басым бөлігі осы саладағы жетістіктерге байланысты. Биыл жалпы көлемі 25231 гектарға егін орналастырылса, оның ішінде күріш көлемі 13270 гектар. Былтырғы жылмен салыстырғанда, күріш егістігі 500 гектарға қысқарды. Облыс басшылығы су жетіспеушілігі мәселесін оңтайлы шешуге ықпал жасап, әрбір шаруашылықтың қажетті көлемде су алуына жағдай жасалуда. Ендігі кезекте диқандар су көлемінің аздығы, ауа райының қолайсыздығына қарамастан, қиындықтарды бірге еңсеріп, егінге уақытылы күтім жасап, өнімін алғанға дейін аянбай еңбек етеді деген сенімдеміз, – деді Ж.Еркінбек.

Қазіргі уақытта әр тұрғынның өзін-өзі көкөніс және бақша өнімдерімен қамтамасыз етуіне де мүмкіндік қарастырылған. Оған 408 гектар бақшалық жер дайындалып, 930 отбасының үлесіне беріліпті. Сонымен қатар, су үнемдеу технологияларын пайдалану бойынша жаңбырлатып суару тәсілімен 45 гектар жоңышқа, 13 гектар көкөніс-бақша дақылы егілген. Мал шаруашылығы бойынша да мемлекеттік бағдарламалардың қолдауымен өсім қалыптасуда.

Ауданның экономикалық дамуына тікелей әсер ететін шағын және орта кәсіпкерліктің дамуында

ілгерілеу бар. Үш мыңнан астам шағын және орта кәсіп иесі ісін дөңгелентіп келеді. Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар шеңберінде жалпы құны 795,2 млн теңге болатын 52 жобаға несие беріліп, 77 азамат 113,7 млн теңгенің грантын алды. Жыл аяғына дейін қосымша 109 адамға грант беру жоспарлануда.

Өткен жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде 45 жобаға 297,6 млн теңге несие берілген. Ал биыл жалпы құны 540,8 млн теңге болатын 78 жобаға несие беру арқылы 92 жұмыс орнын ашу жоспарлануда. Несие алуға ниет білдірген 7 кооператив және 71 жеке кәсіпкердің жобасы іріктеліп, комиссия қарауына ұсынуға әзір. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарлама шеңберінде жобалар іске қосылып, бірқатарының құрылысы жүргізілуде. Атап айтқанда, өнеркәсіп саласы бойынша 3 жоба жүзеге асты. Ол мамыр айында Жосалы кентінде «АНК-Даулет» ЖШС газоблоктар өндіретін шағын зауыты, «Жаңажол» ауылдық округінде наубайхана және кондитерлік цехы, «Төретам» кентінде «С-тройка» өндірістік кооперативінің бетон бұйымдарын өндіру цехы іске қосылды.

Тұрғындарға қызмет көрсету және сауда саласында да оң көрсеткіштер бар. Жосалы кентінен жеке кәсіпкер «Мағжан» дәмханасын ашып, 30 адамды жұмыспен қамтып отыр. Жобаны іске асыруға «Ұлттық жоба» және «Бірыңғай кешенді бағдарлама» шеңберінде 55 млн теңге несие алған. Сондай-ақ «Адина» сауда орталығының құрылысы жүруде.

Осы жобалар нәтижесінде халықтың өмір сүру сапасын арттырып, түрлі әлеуметтік нысандар салуға мүмкіндік туады. Бұл ретте аудан әкімі жеке тұрғын үйі жоқ Жосалы кентіндегі халықтың әлеуметтік осал топтарына және кезекте тұрған азаматтарға 100 пәтер сатып алынатынын айтты. Бүгінгі күні құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

«Төретам» және «Ақай» елді мекенін газбен қамтамасыз ету мақсатында құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілген. Атап айтсақ, «Ақай» ауылындағы табиғи газға қосу жұмыстары аяқталып, өткен жылғы қараша айында пайдалануға беріліп, 672 тұрғын үй газға қосылды. Одан бөлек 705 адамнан өтініш түсіп, табиғи газға қосылуына рұқсат берілген. Ал «Төретам» кентінде маусым айында 206 үй табиғи газға қосылды.

Аудан бойынша маңызды Дүр Оңғар ауылына дейінгі және ауылішілік газ желісінің құрылысына облыстық бюджеттен 1 млрд теңге қаржы бөлініп, мемлекеттік сатып алу барысы реттелуде. Ауылға газ жеткізілген жағдайда сол аймақтағы 10 елді мекенді газдандыруға мүмкіндік туады. Осы жобалар іске асса, аудан тұрғындарын газбен қамту үлесі артады. «Иіркөл» және Төребай би ауылдарына дейінгі және ауылішілік газ желісінің жобасын әзірлеуге аудандық бюджеттен 34,2 млн теңге қаржы қаралып, мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Бұдан бөлек, «Жосалы» кентінде жаңадан ашылған «Тәуелсіздік» ықшам ауданының үйлеріне газ желілерін жеткізу құрылысы жүргізілуде. Ауызсу жеткізу үшін су құбыры да тартылуда. Тұрғындар үшін өзекті мәселе болған Мырзағалиева көшесіндегі теміржол өткелі құрылысының жоба-сметалық құжаты мемлекеттік сараптамаға жіберілген.

Ауданда электр желілерінің тозығы жеткен. Сондықтан қайта жаңғыртуды қажет етеді. Биыл 3 елді мекенге қаржы бөлініп, жарық беру желілері жаңғыртылуда. Аудандық бюджеттен «Қуандария», «Ақжар», «III Интернационал», Алдашбай ахун, Қармақшы ауылдарының электр желілерін қайта жаңғырту бойынша жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, бюджеттік өтінім өткізілді. Алдағы уақытта кезең-кезеңімен жұмыс атқарылады.

Жалпы, ауданда алты айда атқарылған шаруа көп. Жол құрылысы, абаттандыру, аяқсу, тазалық жұмысы күн тәртібінен түскен емес. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуын одан әрі жетілдіре түсуге мүмкіндік бар.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы».
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ДЕНСАУЛЫҚ

ЖАҢА ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

«Ана мен бала» перинаталдық орталығында сараптамалық деңгейдегі ультрадыбыстық зерттеу, биохимиялық скрининг және генетикалық кеңес беруді қамтитын «Бір күндік клиника» пилоттық жобасы іске қосылды. Аталған жоба «Ұрықты қорғау орталығы» базасында жүзеге асырылып, туа біткен ақауды пренатальдік диагностикалау бойынша қызмет көрсетеді.

Жоба аясында туабітті және хромосомалық патологиялары бойынша тәуекел тобындағы жүкті аналар іштегі шарананың денсаулығын анықтайтын негізгі тексеруден өте алады. Зерттеу бір күн ішінде заманауи диагностикалық жабдықтарда иммунохимиялық талдағыш пен қуатты микроскопта жүргізіледі. Бұған дейін мұндай зерттеу кейбір жекеменшік орталықтарда ғана бар болатын.

Аталған жобаның мақсаты – ұрықтың пренатальдік диагностика сапасын жақсарту, балалар арасында аурушаңдық пен мүгедектікті уақытылы диагностикалау және алдын алу сондай-ақ пренатальдік скрининг жүргізуді жетілдіру.

– Мұнда жүкті әйелдерге ультрадыбыстық және биохимиялық скрининг жасалып, генетиктер мен акушер-гинекологтар кеңес береді. Ұрықтың инвазивті пренатальді диагностикасы жүргізіліп, даму патологиясы болса, пренатальді консилиумда босану тактикасы анықталады. Сондай-ақ орталықта ұрықтың анықталған ақауларынрастауүшінультрадыбыстық зерттеу диагностикасының екінші деңгейі бар, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының ана мен бала денсаулығы жөніндегі орынбасары Мая Мирзанова.

Мұндай пренатальді скрининг жүктіліктің 12 аптасындағы жатырдағы ұрықтың дамуының ықтимал, туабітті аномалияларды анықтауда шешуші рөл атқарады. Жаңа әдіс дәрігерлерге

иммундық-химиялық талдау, ұрықтың хромосомалық ауытқуларын цитогенетикалық зерттеу арқылы кеселдің бар-жоғын дер кезінде анықтауға және дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.

– Орталықта пайда болған пренатальді скринингтің жаңа әдісі аса жылдамдығымен ерекшеленеді. Барлық тексерулер бір күннің ішінде жүргізіліп, аяғы ауыр әйелдерге зерттеу нәтижелерін жылдам әрі барынша дәл алуға мүмкіндік береді. Біз диагностикалаумен емдеудің ең заманауи әдістеріне қол жеткізіп отырмыз, – деді облыстық денсаулық сақтау басқарманың ана мен бала денсаулығын қорғау бөлімінің басшысы Айгүл Төлегенова.

Жыл сайын елде үш мыңнан астам сәби тұқым қуалайтын немесе туабітті аурумен дүниеге келеді. Ал мұның алдын алу үшін жүктіліктің алғашқы аптасында ұрықтың жағдайын анықтау қажет. Талдау қаншалықты ерте жүргізілсе, «Даун», «Паттау», «Эдвардс» сияқты жиі кездесетін туабітті ауруларды анықтауға болады. «Бір күндік клиниканың» мақсаты да осындай аурулардың алдын алу.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

№114-115 (20788-20789) 27 шілде, сенбі 2024 жыл

МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНЫЛҒАН ТУЫНДЫ

Ел тағдырына жаны ашитын жазушы

Жерлестігіміз бар, бір ауылда өскендігіміз бар, бірге оқығандығымыз бар, қалай дегенде де жазушы Қуаныш Жиенбайдың қай шығармасы да бізге ыстық, жанымызға жақын. Оның үстіне туындыларының дені теңіз төңірегінде болса қайтпексің?!

Қайран теңіз, көз алдымыздан әлі күнге дейін құм жағаны армансыз тепкілеп жататын түйе толқындардың елесі бір сәтке де алыстаған емес. Жан дүниемізді теңізден соғатын саф самал түгел дерлік жаулап алған секілді. Несін айтасыз, теңіз жағалауына қоныстанған қамыстан тұрғызылған үйіміздің іргесін толқын соққылап жатқанда біз бала болсақ та, бір нәрседен құр қалғандай ұйқыдан тым ерте оянушы едік. Оянған бойда ыбылжып, уақыт өткізіп жүріп алмастан, бірден шаруаға кірісетінбіз. Балықшы әкемізбен бірге теңіз төріне аттанамыз, қайықтың ескегін есеміз немесе шаңырағымыздың несібесін айырып тұрған ау-құралдың анау-мынау кем-құтығын жамап-жасқаймыз. Әйтеуір, бізде қам-қарекетсіз тыныш жүру деген атымен жоқ-ты. Бұл – әсілі теңіз тылсымынан бойға біткен тынымсыз мінез болса керек. Қысқасы, теңіз жағалауында туғандардың «ақын болмасқа қақы жоқ» демекші, балалық дәуренді басымыздан ерте өткіздік те, ерте есейдік.

Менің Қуаныш досымның бәрінен бұрын бір бүйрегінің теңіз тақырыбына бұрылып тұратыны – табиғи заңдылық. Оннан астам прозалық жинақтың авторы өзім білерде елімізге аты мәлім талай әдебиет сыншылары мен қаламгер ағаларының оң ниетті ықылас-пейілдеріне ие болды, олар Қуаныш Жиенбайдың шығармашылық әлеуетін жан-жақты талдады, мерзімді басылымдарға толғаныстан туған талай мақаласын жазды. Біз оларды да жата-жастана түгел оқыдық. Ол ықылас-пейілдер жазушының қалам қуатына берілген әділ баға еді. Ол бірнеше халықаралық әдеби сыйлықтың лауреаты, роман, хикаят, көркем әңгімелері орыс және басқа тілдерге аударылды. Теңіз тақырыбы, теңіз төңірегіндегі тірліктерді арқау еткен және соған барын салып, соқталы кітап етіп шығарған «Даңқ түрмесінің тұтқыны», «Ән салуға әлі ерте», «Жер үстінде де жұмақ бар» романдарын оқырман қауым жылы қабылдады.

Теңіз төңірегі демекші, Арал теңізіне тиіп тұрған «Төретам», «Байқоңыр» космодромы, Қорқыт кесенесі және осы өңірдегі қасаң табиғаттың қатқыл қабағымен қасарысып, қанша қиындық көрсе де мойымай, болашақтан үміттерін де үзбей, қайсарлықпен өмір сүрген қарапайым қазақтардың тағдыры Қуаныш қаламынан жалқы сәт тыс қалған емес. Осы жолы оның бәрін бүге-шүгесіне дейін қамтитын мүмкіндік қайда?!

Өткен жылы «Фолиант» баспасы Қуаныштың «У мен уылдырық» атты кітабын басып шығарды. Осы жинақтың тұла бойынан да теңіз тынысы молырақ аңғарылады. Үш хикаят, жиырма шақты көркем әңгіме. Соның бірнешеуіне шамамыз жеткенше «аялдама» жасайық. Жинаққа енген хикаяттың бірі – «Қашқын». Кімнен, неге, не үшін қашты? Ә дегеннен осы сұрақтардың көмейге кептелетіні анық. Әрі қарай кітап беттерін парақтай түсесің. Тағы да таныс суреттер дөңгеленіп көз алдыңа келе қалады. «Байқоңыр» космодромының жергілікті қазақтарға қаншалықты «шапағаты» тиіп жатқаны онсыз да белгілі ғой. Талай мәрте айтылған, талай мәрте жазылған. Космодромды түп орнымен көшіріп жіберуге керек десеңіз, мемлекеттің өзі қауқарсыз. «Төретам» маңайын пәленбай жылға жалға алған мемлекетаралық келісім-шартты бұзуға тірі адамның жүрегі дауаламайды. Ал «біз атағы әлемге жайылған космодромның іргесінде тұрамыз» дейтін жалған мақтанышты жалаулатқанымызға қанша жыл болғанын кім білсін?! Бізге кейде айтады, кейде айтпайды, төңіректің апшысын қуырып, құйрығынан адам шошырлық от құсып, күні-түні орбитаға кідіріссіз ұшып жатқан ракеталар қаншама!

Бұл «кереметті» ес білген ағайын жақсы біледі, бірақ қолдарынан келер қайран шамалы. «Қашқындағы» Бөрібай – осы «Төретам» шаһарының байырғы тұрғыны. Теміржол бойымен брезент жабылған сан түрлі техникалардың космодромға ағылып жататынына аузы ашылып, таңғалғаны болмаса, әлем жұртшылығын тамсандырған сол космодромнан соқыр тиын пайда көргені қайсы? Әр спутник ұшқан сайын аспанға алай-дүлей қою шаң көтеріліп, онысы кейін тұрғындардың басы-көзіне қонатыны, осы пәледен ауру таптық деп арыз-шағым айтушылардың қарасы жылдан-жылға көбейе түсетіні жалпақ жұртқа және белгілі. Ана жылдары алмағайып заманды бәріміз бастан кештік қой, күнделікті бала-шағаға нәпақа тауып берудің өзі қиынға соқты. Ел жан-жақтан ауызға түсетін несібе іздеді, ешбір қиындығыңнан қашқан жоқ, ұшы көрінген олжаны жалмажан тартып алуға тырысты. Бір есептен бұ жолы Бөрібайлардың «жолы болды». Олар топталып Бетбақдаладан ракеталардың сынықтарын іздеуге бас қатырмастан бірден кірісті де кетті. Сирек металдарды қабылдап алып, қолма-қол ақысын төлейтін қабылдаушылар ауыл арасында өріп жүретін-ді. Олардың сирек металдарды одан соң қайда жөнелтетінін кім білсін, бәрінен бұрын зымыстан шөлде қаталап, дала кезгілеген еңбектері ақталса болды да. Бөрібайлардың мол табысқа құныққандары соншалық, күн-түн демей металл іздеді, металл – ақша. Бұ заманда бәрін ақша шешеді. Ептеп қалта қалыңдаған сыңайлы. Қолына «қарға тышқан» адамның Құдайын ұмытып, аспанға қарайтыны белгілі ғой.

Бөрібайдың сүйікті жары – Гүлжәмила жұмыртқадан жүн қырқатын болмаған пысық. Адамдармен тіл табысқыш, Бөрібайға қарағанда ортаға бейім, аз-кем сауаты да жоқ емес. Бір кездері «Байқоңыр» космодромында аспазшы болып істегені және бар. Гүлжәмиланың есіл-дерті – қолдағы қаражаттың басын бұзбай, үй сатып алып қалаға көшу. Бөрібайдың құлақ түбі ызыңызың, ал турасын айтқанда, оған туған жерінен артық жұмақ жоқ, анасы, ағайын-туималары осында. Олармен өмір сүрген әлдеқайда көңілді, қала тіршілігінен бейхабар. Іздегенге – сұраған, бірде маңдаладан жанығып металл жинап жүргенде Бөрібайдың «командасындағы» біреу байқаусызда қордаланған улы газға тұншығып, мерт болады. Марқұмды ауылға әкеліп жерлейді, жылап-сықтайды. Бірақ іс мұнымен бітпейді, құқық қорғаушылар келгіштеп, Бөрібайлардан жауап алу қамында. Ажалдың себеп-салдарына барлау жасайды, ол пақырға неге дер кезінде көмек көрсетілмеген, қасында кімдер болған, басқалар аман, неге ол ойламаған жерден өлім құшады? Қысқасы, Бөрібайлар да көпкінәратты мойындарымен көтермекші. Гүлжәмила алақанын ысқылайды, енді ауылда қалудың қандай мән-мағынасы бар? Бір түнде анау-мынауларын жинап, қайда баратындарын тірі жанға айтпастан, «үлкен қала қайдасың?» деп көшеді де кетеді. Пысық әйелі біреулермен сөйлесіп жүріп, Бөрібайға жұмыс тауып береді. Таксист. Келістіріп үй салып алады. Бірақ Бөрібайдың дария жағасындағы жатаған ауылына деген сағынышы бір басылмайды. Көшеден қалаға жұмыс іздеп келген бір топ бозбала ауылдастарын кездестіреді де, Гүлжәмилаға ескертпестен үйіне қонақ етіп түнетеді. Рақатқа батып, таң атқанша әңгімелеседі, бой-сойы жеңілдейді.

Осы арада оқушысын еліктіріп әкететін және майдан қыл суырғандай бір-бірімен үндестік тапқан тосын эпизодтар қаншама?! Хикаят жеңіл әрі жылдам оқылады. Сюжеттік құрылымы, оқиғалардың жымдасуы ешкімді бейжай қалдырмайды, сендіреді. Тілі жатық, шұбалаңқы сөйлемдерден ада. Шығарманы бастан-аяқ оқыған адамның өкінбесіне біз куә.

Жинаққа енген «Оны мазаламаңыздаршы» хикаяты да, «Тойдың төрағасы», «Кішкентай кісілер», «Қасқырбайдың махаббаты», «Дуадақтың дауы» секілді көркем әңгімелерінің де тың ойларымен оқушысын жалықтырмасы белгілі және әңгімелердің дені кезінде мерзімді басылымдарда жарық көрген, көпшілікке таныс. «Үрей» әңгімесіндегі оқиға жанымa жақын. Республикаға белгілі ақын Мұратбек Шерәлиев – өзінің отты әрі патриоттық жырларымен көпшіліктің қошеметіне бөленген шайыр. Кітаптары дүкен сөрелерінде қатталып тұрмайды, көзді ашып-жұмғанша сатылып кетеді. Ақынмен жүздесу – қарапайым оқырман үшін үлкен мереке. Оқырмандары ақын қай қалада кездесу ұйымдастырса да, бәрі жабылып соған жетіп барады. Ал оппозиционерлердің ақын жырына «ғашық» болғандары соншалық, Мұратбек Шерәлиевтің табанын жерге тигізбейді. Кездесуге шақырса, бар жағдайын жасайды, астына арнайы көлік бөлгізеді, жалға алған мәдениет сарайының ақысын да өздері төлейді. Шетелден де оқырмандар шақырады. Шерәлиевтің топ алдына шыққанда екі иығын жұлып жеп, бар шығармасын жатқа оқитыны керемет. Оқырман қауым айдалада шөлдеп келе жатып, мұп-мұздай бұлақ суына тап болғандай әдемі әрі әсерлі күй кешеді. Ақын тірі жанды жалықтырмайды. Ал билік ақыннан аздап үрейленеді. Себебі, әрбір сөзімен жұртты иландыра білетін ақын олардың көңілінен шықпайтын бір нәрселер айтып қоя ма деп қауіптенеді. Әңгіме ойға, оқиғаға құрылған. Мұхтар Шахановтың ақынға тән кейбір еркін мінездері қылаң береді. Өз басым сүйсініп оқыдым.

Есіңізде болар, ана жылдары әлемдік теледидар ел қызығатындай талай тамаша дүниелерді бір шетке ысырып қойып, тұмсығы сорайған, жағына пышақ жанығандай жүп-жүдеу «қара шалдың» мұхит тереңінен түсірген репортаждарын күн құрғатпай бірінен соң бірін көрсетуші еді ғой. Сол ғажап ленталар әліге дейін көз алдымызда. «Шалдың» аты-жөні – Жак-Ив Кусто, атақты мұхит зерттеушісі. Оның ұлтына, қайда дүниеге келгеніне жұрт қызықпайтын. Қызығатыны – мұхит түбіндегі кереметтерді еш боямасыз, қаз-қалпында түсірген кино туындылары.

Бір адам әзер сиятын ауа толтырылған қобдишаның ішіне кіріп, қолынан кино аппаратын тастамаған күйі көрерменге күле қарап, дәп бір өз еркімен ажалмен арпалысқа бара жатқандай мың метрлік тереңдікке сүңгитін Кустоның сол жанқиярлық ерлігін өкінішке қарай, бүгінге дейін ешбір жан толық мағынасында қайталай алған жоқ. Өзі дүние салған соң ол істі ұлы жалғастырмақшы болған-ды, бірақ Кустодай шеберліктің шыңына шығу қайда?!

Құрлықта кино түсіру мен мұхитта кино түсірудің айырмасы жер мен көктей. Сан түрлі балықтар тіршілігі еріксіз көз арбайды. Балық демекші, дүниежүзілік атақ пен абыройға кенелткен Э.Хемингуэйдің «Шал мен теңізінде» де акулаларға байланысты эпизод бірінші планда-тын. Иә, иінін тапсаңыз, балық пен теңіздің жыры жуық маңда таусылмайды.

Кітаптағы «У мен уылдырық» повесін оқығанда осы жайлар ойға оралды. Біздің пайымдауымызша, Қуаныш – өз тақырыбын тапқан, замандастарымыздың тыныс-тіршілігін, қоғам мен адам, адам мен табиғат арасындағы байланысты, одан туындайтын күрделі мәселелерді аса дәлдікпен оқырманға ұсынып жүрген белгілі қаламгер. Жазушының барлық шығармаларында дерлік тартылған теңіз тағдыры, атамекенді қия алмай кешегі су шайған жағалауды бүгін құм басса да, мейлі өлместің күйін кешсе де, ешкімге мұң шақпайтын қайсар жүректі балықшылар әулеті туралы сөз болады. Тақырыпқа әртүрлі қырынан келеді. Өзі сол өңірдің перзенті болған соң теңіз бетіндегі емес, теңіз асты жағдайларын да жақсы біледі.

Балық та – біздің байлығымыз. Күнделікті дастарқандарынан балық өнімдері үзілмейтін жапон халқының ұзақ өмір сүретіні баршамызға аян. Соңғы уақытта біздің үкіметіміз де балық өнімдерін көбірек тұтынуға көңіл бөлуде. Жазушы кейіпкерлерінің дені қарапайым адамдар болғанын айтқанбыз. Ал «У мен уылдырықтағы» басты герой – Есберген жерлестеріне мүлде ұқсамайтын тосын бейне. Сол секілді шығарманың сыр-сипаты да күрделі. Әрі мұндай тақырып қазақ әдебиетінде бұрын-соңды кезікпеген. Есберген – әншейін қара көбейтіп жүрген қалың тобырдың бірі емес, бірегейі. Қаршадайынан су астына сүңгіп, дем алмастан тірлік кешуді үйренген. Кәдімгі «қос мекенді» адам. Ауа толтырылған скафандрды иыққа іліп, тыныс алуға қажетті құрал-жабдықты іздеп жатпайды. Кез келген жағдайда суға сүңгуге тастүйін дайын. Ал мұндай сирек бітімді тұлғалы азамат мемлекеттік құпиялы тапсырмаларды орындауға да таптырмайды. Есберген – көп жұрт біле бермейтін әрі төтенше жағдай туындағанда қай өңірде жүрмесін сол сәтте, сол объектіден табылатын сұңғыла суға сүңгуші водолаз. Баренц, Охот теңізінде батқан кемелердің қазына-байлығын сыртқа шығаруға атсалысқан. Оның Норвегия, Ресей, Балтық бойындағы үлкен қалаларда тұратын әріптестері амандығын біліп, жиі-жиі хабарласып тұрады.

Біздің түсінігімізде, Есберген – нағыз «әлем адамы». Бірақ ол әлдекімдер секілді жылтырақ жарнамаға жоламайды, «мен сондаймын, мені біліп қойыңдар» деп кеуде ұрғылауға жаны қас. Сәл жұпынылау аудан орталығында тұрып, жұртпен бірге күнделікті нәпақасын тауып жүрген біртоға пенде. Әйтсе де өзінің ерекше «мамандығы» қажет болғанда жеке басын күйттеп, бұғып қалатын жан емес. Жазушы кейіпкер характерін күрделі оқиғалар сахнасында, біздің қаперімізге келмеген, келмек түгілі, «солай болуы да мүмкін-ау» деп санаға да сіңбеген ситуациялар арқылы жан-жақты аша білген. Есбергенді тосыннан табылған олжа деуіміздің себебі осында.

Арал теңізінің жағалауында өмірге келгені былай тұрсын, Есберген – теңіздің кешегі һәм бүгінгі ахуалының көзі тірі куәгері. Теңіздің атам заманғы бет-бейнесі келмеске кеткен. Енді өзімізге тиесілі Сырдарияның болмашы суын қасықтап жинап, Кіші теңіздің деңгейін түсіріп алмасақ, соған да шүкіршілік. Мына қырсыққа қараңыз, талай жылдан бері «Арал – ғасыр проблемасы» деп келіп, Бүкіләлемдік банк молынан қаржы беріп тұрғанда «Көкарал» бөгетін көзбе-көз бірнеше метрге төмен салдық. Соның салдарынан теңіз табанына жиналған су бөгеттен сыртқа құлап, айдын шалқарды портты қалаға жеткізбей әлек. Кіші теңіздің кенересі қашан толары белгісіз.

Кіші теңіздің табиғат заңымен емін-еркін көсіліп қанат жаюына, айналасындағы көлкөлшік суға толып, «қаз ұшып, үйрек қонуына» қысастық жасап, болмашы балық-шабағына қомағайлана кірісіп, жан-жақтан талап жатқанымызды несін жасырайық. Жә, атакәсіп жаңғырсын, ел-жұрт несібесін айырсын, бірақ ұлтанына әлі балдыр өсіп жетілмеген, бауырындағы балығы әлжуаз, жаңа ғана қолдан тірілтіп алған теңіздің дәл осы таңдағы аянышты халіне жанашырлық танытып жүрген кім бар?! Жаңбырдан соңғы саңырауқұлақтай бірнеше балық зауыты дереу ірге көтерді. Оларға күн сайын тонналаған балық керек. Алақандай теңізді лицензиялап, бірнеше іскер азамат пышақ үстінен бөліп алған. Ұрандары: «балық, балық әкел!» Кез келген тұстан киіп-жарып, жасырынып балық аулайтын жырынды браконьерлер қаншама?! Міне, мұндай ауырлықты белі бүгілмей, «маңдай тері тырыспай» жасанды теңіз шыдас беріп, қашанғы көтере алады?!

Есберген азаматтық тұлғасын осы тұста танытады. Жасырын балық аулаушылармен де, «мемлекеттік жоспарды асыра орындаушылармен» де екі білегін сыбанып, айқасқа шығады. Кейіпкердің табиғатқа жанашырлығы, біздің өңіміз түгілі түсімізге кірмеген – тың, тосын әдіс-тәсіл. Ақбөкенді түнде прожектор жарығымен аулайды дегенді естігенбіз, енді мінекей, балықты да сөйтіп аулайтыны былай тұрсын, у шашып, қытай торымен тұзақтайтыны күн сайын тұс-тұстан дүңк-дүңк естіліп жатады. Мұндай сұмдықты естіген Есберген жынданып кетуге шақ қалады. Жасы жер ортасына таяса да, бойдағы күш-қуатын жинап, әлгіндей табиғатқа жасалған айуандықтың жолына тосқауыл қоюға тырысады. Су астына сүңгіп, аудың көзін тозтозын шығара қиып, балық өрісіне жол ашады, балық шоғырын улы аймақтан қақпайлап әрі әкетеді.

Бұл – табиғатқа жасалған үлкен қамқорлық еді. Жағалаулықтар Есбергеннің туған жерге асығыс қоныс аударғанын көрсе де, оның арғы астарында қандай мақсат жатқанын түсінбейді. Бір жолы мұз үстінде браконьерлер мен саудагерлер масайрап, өздерінше есебіміз түгелденді ғой деп, тойлап жатқан тұста су астымен жүзіп келген Есберген сол тұсқа динамит қойып, жарып жібереді. Зәрелері ұшып, жан-жаққа тырағайлап қашқандар енді қайтып бұл маңға жоламайды. Ауылдың ақсақал-қарасақалдарына да Есберген жүріс-тұрысының сырын ашпайды. Су астына сүңгитін себебі, балықтың сағағына жабысқан түймедей дәрі іздеп жүр-міс. Ол дәрі кісіні қартайтпайды-мыс...

Жазушы бұл эпизодты да өмір шындығымен жымдастыра білген. Есберген мен пошташы келіншек Жібек арасындағы сезім тебіреніске толы. Әдемі сүйіспеншілік иірімі өзінше өріс тапқан. Арадан талай уақыт босқа өтсе де, ақырында сөзіміздің басында мысал еткен Кустоның тірлігін қайталайды: мен неге о шалдан сорлы болуым керек деп, іштей сілкініп, көктем айларында өлгенін білмей жанталасып, жағалауға уылдырық шашуға шығатын балықтар әлемін киноға түсіреді. Табиғатқа жаһандық тұрғыдан жанашырлық жасаған Есберген – біз іздеп жүрген әдебиетіміздегі тосын бейне. Өзіміздің Жак-Ив Кусто.

Арал – әлем назарында. Биылдан бастап Халықаралық Аралды құтқару қорына Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев төрағалық жасайды. Талай мәселенің түйіні шешіліп, Кіші Аралдың кенересі толмақшы. Бір-бірімізден сүйінші сұрайтын оңтайлы сәттеріміз көбейе түскей!

Қорыта айтқанда, үнемі экология тақырыбын жырлаудан танбаған белгілі жазушы Қуаныш Жиенбайдың «У мен уылдырық» атты прозалық жинағы – Абай атындағы мемлекеттік сыйлыққа лайықты шығарма.

Толыбай АБЫЛАЕВ,
ақын, Ж. Әбдірашев атындағы сыйлықтың лауреаты,
Арал ауданының құрметті азаматы

> *Менің Қуаныш досымның бәрінен бұрын бір бүйрегінің теңіз тақырыбына бұрылып тұратыны – табиғи заңдылық. Оннан астам прозалық жинақтың авторы өзім білерде елімізге аты мәлім талай әдебиет сыншылары мен қаламгер ағаларының оң ниетті ықылас-пейілдеріне ие болды, олар Қуаныш Жиенбайдың шығармашылық әлеуетін жан-жақты талдады, мерзімді басылымдарға толғаныстан туған талай мақаласын жазды. Біз оларды да жата-жастана түгел оқыдық. Ол ықылас-пейілдер жазушының қалам қуатына берілген әділ баға еді. Ол бірнеше халықаралық әдеби сыйлықтың лауреаты, роман, хикаят, көркем әңгімелері орыс және басқа тілдерге аударылды. Теңіз тақырыбы, теңіз төңірегіндегі тірліктерді арқау еткен және соған барын салып, соқталы кітап етіп шығарған «Даңқ түрмесінің тұтқыны», «Ән салуға әлі ерте», «Жер үстінде де жұмақ бар» романдарын оқырман қауым жылы қабылдады.*

> *Осы арада оқушысын еліктіріп әкететін және майдан қыл суырғандай бір-бірімен үндестік тапқан тосын эпизодтар қаншама?! Хикаят жеңіл әрі жылдам оқылады. Сюжеттік құрылымы, оқиғалардың жымдасуы ешкімді бейжай қалдырмайды, сендіреді. Тілі жатық, шұбалаңқы сөйлемдерден ада. Шығарманы бастан-аяқ оқыған адамның өкінбесіне біз куә.*

АКЦИЯ

БАЛАҢЫЗҒА АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Облыстық төтенше жағдайлар департаменті қала маңындағы өзен-көлдерге рейдтік жұмыстар жүргізді. Елімізде 25 шілде – Дүниежүзілік адамдардың суға батуының алдын алу күні қарсаңында «Балаларды суда қорғаңыздар» акциясы басталды. Акцияның мақсаты – кәмелетке толмаған азаматтардың жазатайым оқиғалары мен қаза болуына жол бермеу.

Жаз айында жазатайым суға кеткендер неге көп? Балалар бақылаусыз қалды ма? Мәселенің мәнісін облыстық төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы, майор Жандос Жүгінісов тарқатып айтып берді.

– Қазіргі кезде облысымызда Сырдария өзені мен басқа да су айдындарында адамдардың суға батып кету фактісі көп болып отыр. Жыл басталғалы облыс аумағында әртүрлі жағдайлар мен оқыс оқиға салдарынан 16 адам қаза болды, оның 10-ы – бала. Негізгі себептері – тыйым салынған жерлерде шомылу, балаларды қараусыз қалдыру, өз күштерін асыра бағалау және жүзе алмау. Сондай-ақ құтқарушылар көмегімен 3 жеткіншек аман қалды. Судағы қауіпсіздік мәселесі өте өзекті. Сондықтан да төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлері тәулік бойы кезекшілік және рейдтік жұмыстар ұйымдастыруда. Облыс тұрғындарынан сұрайтынымыз, суға түсу ережелерін қатаң сақтау қажет. Ішімдік ішіп, суға түсуге немесе балаларды қараусыз қалдыруға мүлдем болмайды. Суға түсуге рұқсат етілген арнайы жағажайларда шомылуларын сұраймыз. Бүгінге дейін рейд барысында 412-бап бойынша 34 хаттама толтырылды. Өкінішке орай, алдыңғы жылмен салыстырғанда, жасөспірімдердің қаза болу дерегі көбейген. Бұл – алаңдатарлық жағдай. Ата-аналардан сұрайтынымыз, балаларды беймезгіл қараусыз қалдырмаңыздар. Судағы қауіпсіздік талаптарын бұзған жағдайда ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық кодексімен шара көріледі, – дейді ол.

КӨЗБЕН КӨРІП, КӨҢІЛГЕ ТОҚЫДЫҚ

Біз рейд барысында алдымен «Бәйтерек» шағын ауданы тұсындағы ел аузында «Қой көпір» аталып кеткен өзен өткеліне бардық. Мұнда төтенше жағдай қызметкерлері балаларды дария жағасына суға жібермеу үшін күзетіп тұрғанын жеткізді. Олардың айтуынша, мекеме қызметкерлері қала аумағындағы су айдындарына бөлініп бекітілген.

«Сталин каналының» бойында бірнеше заң бұзушылық анықталып, хаттама толтырылды. Алдымен жас шамасы 50-60-тағы үш ер адам алкоголь ішімдік ішіп, масаң күйде суға түсу дерегі анықталды. Одан соң туысқан ағасымен белгіленбеген жерге суға түскен 14 жасар жеткіншекке түсіндірме жұмысы жүргізілді.

БАЛАЛАРҒА БАҚЫЛАУ БОЛМАСА…

– Жыл басынан бері кәмелетке толмаған балалар арасында абайсызда үй ауласындағы арықтарға тұншығып қалу дерегі бойынша 10 оқиға тіркелді. Жалпы осы оқиғаларды зерделеп, талдау барысында олардың қауіпсіздік шараларын сақтамағаны анықталған. Балалардың қайтыс болу дерегінің басты себебі – ата-аналарының қарауынсыз жүргені. Осы айда тіркелген дерек – бір жасөспірім өз ауласындағы бассейнге суға түсу барысында тұншығып қалған. Бір айта кетерлігі, қаншама ақпарат таратылып, түсіндірмелер жүргізілгенімен ата-аналар тарапынан тиісті деңгейде бақылау жоқ. Баланың қауіпсіздігіне ең алдымен отбасы жауапты. Сол себепті мұқият болуға шақырамыз, – дейді жергілікті полиция қызмет басқармасының ювеналды полиция тобының аға инспекторы Раушан Әбдіразақова.

Су айдындарына мұндай рейд жұмыстары жиі өткізіліп тұрады. Дегенмен әр адам өзін де, балаларын да қайғылы оқиғалардан, қауіп-қатерлерден алдымен өзі сақтандыруы тиіс. «Сақтықта қорлық жоқ» деген осы.

Рейдтік іс-шараға БАҚ өкілдерімен қатар облыстық төтенше жағдайлар департаментінің офицерлері, жергілікті полиция қызметі басқармасының ювеналды полиция бөлімінің инспекторлары, волонтёрлер қатысты.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

20 МЫҢ ДОЛЛАР! МӘҺРГЕ ҚЫМБАТ СЫЙ СҰРАУ ҚАЛЫПТЫ МА?

– Мәһрге не сұрайсың?
– 20 мың доллар.
Иә, иә. Қағыс естіген жоқсыз. 20 мың доллар! Жақында әлеуметтік желіде мешітте қалыңдықтың күйеу жігіттен мәһрге осынша сома сұраған видеосы тарап кетті. Видеодан имамның «20 мың доллар, мәссаған!» деп таңданыс білдіргенін көресіз. Содан кейін оны теңгеге шаққанда қанша болатынын, күйеу жігіттің сұрағанын беруге мүмкіндігі бар-жоғын нақтылаған. Көбіміздің тіліміз күрмелетін сома теңгемен 9,4 млн теңге екен. Әлеуметтік желі қолданушылардың пікірі әдеттегідей екіге жарылды. «20 мың доллар түк емес» дегендер де табылды, «қалыңдық қатты кетті» дегендер де болды. Пікірлерге жауап ретінде қалыңдық «аспандағы айды сұрап отырған жоқпын» деп қана қайырыпты.

Мәһрге аса қымбат дүние сұраған жағдайлар жетерлік. Бірер жыл бұрын қалыңдықтың болашақ жарынан «Hummer» көлігін сұрағаны жыр болған. Жігіт үнсіз ғана орнынан тұрып, «той болмайды» деп, ешкімге қарамай шығып кеткен.

Дінтанушы Нұрлан қажы Байжігітұлының «әйелге салсаң, «Lamborghini», пентхаус, пәтер деп кете береді» деген сөзінің жаны бар. Жігіттің жағдайына қарамай ойына не келсе, соны сұрау – енді шектен шыққандық.

– Мәһрге елу миллион теңге сұрағандар да бар. Елу миллион, ойлаңызшы?! Мен бірде неке қиғанда келіншек бес миллион теңгеге дейін сұрады. Сол кезде ерінің көңіл-күйі бірден түсіп кетті. Мұны түсінген әйелі «кешірдім» деп күліп жіберді, – дейді дінтанушы.

Осы күні трендке айналған түсінікке қатысты Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми сайтында: «Мәһр – ер адамның қалыңдығына жасайтын сыйлығы. Ол кейбіреулер ойлағандай, қалыңдықтың құны немесе ақысы емес. Ер адам мәһрді беріп, қалыңдықты меншігі сияқты сатып алып жатқан жоқ. Керісінше, мәһр ер-азаматтың әйел адамға деген мұқтаждығын білдіреді, оның болашақ қалыңдығына шынайы сезімін көрсетеді. Күйеу жігіт қалыңдығына белгілі бір мөлшерде сыйлық жасайды» деп анықтама берілген.

Қармақшылық Базаш Шамшатованың жасы бүгінде 85-ке таяп қалды. Ол кісі басқа әжелеріміз бен аналарымыз сияқты мәһрдің не екенін білмей тұрмысқа шыққан.

– Шалыма 17 жасымда қосылдым. Өзі діни сауаты бар, көзі ашық адам болса да біз мәһрдің не екенін білмеппіз. Қазір ғой естіп жүргеніміз. Ислам дінінде құпталса, қарсылығым жоқ. Бірақ енді отау құратын жастар бір-бірінің жағдайына, тұрмысына қараса екен. Ақша мен дүние екеудің арасын бұзбаса болды, – дейді кейіпкеріміз.

Мәһр туралы сөз болғанда «баяғыда үлкендер соны білмей-ақ отбасын құрып, ұрпақ жалғастырды» дейміз. Бірақ ол кезде ислам дінінің Кеңес одағының қатаң бақылауында болғанын естен шығарып аламыз.

– Біз мәһр түсінігіне кешегі кеңес дәуірі тұрғысынан қараймыз. Бірақ ол кезде дін ұстануға қатаң тыйым салынып, ата-әжелеріміз ислам дінінің қадір-қасиетінен алыстап қалды. Шариғи құндылықтар ұмытылды. Неке деген аты болғанымен, орындалу шарттары көбіне сақталған жоқ. Десе де, арғы бабаларымыз өз заманында шариғат үкімдерін, оның ішінде отбасы құндылығы мен неке шарттарын сақтап келгенін жоққа шығара алмаймыз. Бабалар ұстанған көне діни әдебиеттерден неке шарттары жөнінде қамтылған мәліметтерді кездестіруге болады. Өкінішке қарай көптеген кітап өртеліп, жоғалып, көміліп қалды. Қазіргі күнге жеткендері өте сирек. Кешегі әжелер, аналар кеңес дәуірінде ғұмыр кешкендіктен әрі ол уақытта мұсылмандық некеге қатаң тыйым салынғандықтан, оған көп мән берілген жоқ. Ол дәуірде заңды неке ғана үстем тұрды. Тәуелсіздікке қолымыз жеткесін мешіттер ашылып, дініміз оралып, ұмыт қалған шариғи үкімдер қайтадан орындала бастады. Соның бірі – неке қию кезінде мәһрдің сұралуы. Мұны ешкім ойдан шығарған жоқ. Трендке айналдыратындай жаңа да дүние емес. Мәһр – бұрыннан ислам шариғатында бар үкім. Ұмытылып барып, бізге қайта жаңғырып жетіп отыр. Сондықтан оған жаңа дүние ретінде үрке қараудың қажеті жоқ. Құран аяттары мен хадистерде мәһр мәселесі анық жазылған. Біз оған илануымыз қажет, – деді Қызылорда қаласындағы «Мүсірәлі ата мешітінің» бас имамы Қайырбек Отызбаев.

– Қыз баланы әке-шешесі қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өзге үйге ұзатқан соң оның ақысы берілуі тиіс деп есептеймін. Осы орайда көбі қалыңмал мен мәһрді шатастырып жатады. Қалыңмал – қалыңдықтың отбасына беріліп, ғұрып бойынша қыздың жасауына жұмсалатын ақша. Ал мәһр – жігіт жас келінге беруі тиіс сыйдың бір түрі. Мәһр әйелге күйеуімен ажырасқан немесе күйеуі қайтыс болған жағдайда өзін асырауға көмек болады деген мақсатта берілген. «Мәһрді неге еркек береді?» деген сұрақ туады. Әйелдің негізгі міндеті – отбасының берекесін келтіріп, бала мен күйеудің бабын жасау. Әйел адам дәл еркек сияқты табыс таппайды. Тапқан күнде де оның ақшасы ерінікіндей берекелі болмайды. Еркек отбасының асыраушысы болғандықтан мәһр талап етілген шығар деп ойлаймын, – дейді Сырдария ауданы Амангелді ауылының тұрғыны Раушан Жүсіпова.

Дінтанушы Қайырбек Отызбаев ер адамның қалыңдығына мәһр сыйын беруі уәжіп, міндет екенін айтты. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Үйленетін әйелдеріңе мәһрлерін шын көңілден тарту етіңдер» деп бұйырады («Ниса» сүресі, 4-аят).

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми сайтында шариғат және пәтуа бөлімінің маманы Медет Құрмашұлы: «Мәһрдің ең жоғары өлшеміне ешқандай шектеу қойылмаған. Алла Тағала «Ниса» сүресінің 20-аятында: «Олардың біріне мол мәһр берген болсаңдар, одан ештеңе де қайтарып алмаңдар» дейді. Ал мәһрдің ең аз мөлшері – Ханафи мәзһабы бойынша он дирхам. Сахабалар өмір сүрген заманда 10 дирхам бір алтын динарға тең болған. Ал бір динардың салмағы 4,25 грамды құраған. ҚМДБ ғұламалар кеңесінде мәһрдің ең аз мөлшері 4,25 грамм алтынмен есептелетіні жайлы пәтуа қабылданды. Мәһрдің құны аталған мөлшерден төмен белгіленген жағдайда оны сол мөлшерге толтыру керек» деп жазды.

Мәһр мөлшері ер-азаматтың материалдық деңгейіне, отбасының әлеуметтік жағдайына қарай белгіленгені жөн. Қалай болғанда да ол күйеуді қарызға батыратындай көп немесе қыздың көңілін қалдыратындай кем болмауы керек.

– Жоғарыда келтірілген пәтуаға, пәтуа маманының сөзіне жүгіне отырып, мына нәрсені айтқымыз келеді. Біріншіден, шариғатта мәһрдің төменгі мөлшері белгіленген. Екіншіден, мәһрдің ең жоғары өлшеміне ешқандай шектеу қойылмаған. Мәһр сұрау керек екен деп, әлеуметтік жағдайын ескермей, шамасы жетпейтін (мәселен, үй-көлік алып бер деу секілді) дүниені сұрау түсініспеушілікке әкелуі мүмкін. Сондықтан мәһр мүмкіндікке қарай сұралып, берілгені дұрыс. Қалыңдық қажет болса, жергілікті әдет-ғұрыптан аттамай, мәһр мәселесінде ер-азаматтың отбасын ескеріп, оларға салмақ түсірмегені маңызды, – дейді Қайырбек Отызбаев.

Әлеуметтік желіде мәһрге бағалы көлік, баспана сұраған жағдайлардың жиі ұшырасуы білместіктен болса керек.

Фото: Ашық дереккөзден

– Мұндай кезде қалыңдықтан неге қымбат дүние қалайтынын сұрағанымызда, «ортақ мүлкіміз болады» деп түсіндіреді. «Мәһр – қалыңдықтың жеке мүлкі. Тіпті екі жас ажырасып кеткен жағдайда, күйеуі берген мәһрін «қайтып бер» деп дауласуына еш құқығы жоқ. Өйткені ислам мәһрді жаратылысынан әлсіз әрі жаны нәзік әйелдің жеке мүлкі етіп белгілеген. Әйел баласы алған мәһрін жалғыз, қорғансыз, яғни жесір қалған, ажырасқан немесе материалдық тұрғыда мұқтаждық көрген жағдайда қажетін өтеуі үшін жаратуы мүмкін. Ал егер бір шаңырақ астында тату ғұмыр кешсе, мәһр ер-азаматтың қалыңдығына жасаған сыйы болып қалады. Өзінің игілігіне қолданады» дегенімізде жағдайды түсініп, қалыңдық күйеуінің шамасына қарай қалауын өзгертеді. Алланың үкімі болған мәһрді «жаман ырым» деп, оны жоққа шығару немесе оған қарсылық білдіру дұрыс емес. Алла Тағала пендесіне нені әмір еткен болса, ол жерде игілік пен жақсылық бар. Сондықтан шариғат үкіміндегі мәһр мәселесін дұрыс түсініп, орынды қолдана білу маңызды, – дейді имам.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ЖАРНАМА • ЖАРНАМА • ЖАРНАМА

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес “Қызылорда қаласы әкімдігінің” Қызылорда қалалық құрылыс бөлімі” КММ хабарлайды, 2024 жылғы 05 тамыздан бастап бірыңғай экологиялық порталда 5 жұмыс күні ішінде не болады (Ecoportal.kz) “Қызылорда қаласының тәулігіне қуаты 70,0 мың м^3 биологиялық тазарту станциясына дейін №1 КСС аумағынан екі арынды кәріз желілерін реконструкциялау” және “Қызылорда қаласынан екі арынды кәріз желілерін реконструкциялау” жобалары бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі Қызылорда қаласының қуаттылығы тәулігіне 70,0 мың м^3 биологиялық тазарту станциясына дейінгі №12 КСС аумағы”. Жобалық құжаттама пакетімен ескертулер мен ұсыныстар беру үшін бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады.

Тапсырыс беруші: “Қызылорда қаласы әкімдігінің” Қызылорда қалалық құрылыс бөлімі” КММ, БСН 060140014281, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, 43.

Бас жобалаушы: “АКИС-проект” ЖШС, БСН 120240001257, Астана қ. “ҚОҚ” бөлімін әзірлеуші: “АКИС-проект” ЖШС, БСН 120240001257, ГСЛ №18019679, +77016120171, +77012557560, zheksenbekova@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

КГУ «Кызылординский городской отдел строительства» акимата города Кызылорда», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, сообщает, что с 05 августа 2024 года в течении 5 рабочих дней на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz) будут проводится общественные слушания в форме публичного обсуждения по проектам «Реконструкция двух напорных канализационных сетей от территории КСС №1 до станции биологической очистки мощностью 70,0 тыс.м^3 в сутки города Кызылорда» и «Реконструкция двух напорных канализационных сетей от территории КСС №12 до станции биологической очистки мощностью 70,0 тыс.м^3 в сутки города Кызылорда». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений.

Заказчик: КГУ «Кызылординский городской отдел строительства» акимата города Кызылорда», БИН 060140014281, Кызылординская область, город Кызылорда, ул. Конысбек Казантаев, 43.

Генпроектировщик: ТОО “АКИС-проект”, БИН 120240001257, г. Астана. Разработчик раздела «ООС»: ТОО “АКИС-проект”, БИН 120240001257, ГСЛ №18019679, +77016120171, +77012557560, zheksenbekova@mail.ru.

ОҢАЛТУ РӘСІМІ

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жыл 19 шілдедегі ұйғарымымен Қызылорда қаласы, М.Шоқай көшесі, 270 мекен-жайында орналасқан «Жанарту» ЖШС-на (БСН 890540000020) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Кредиторлар талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде С.З.Нурмахановпен мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, К.Байсеитова көшесі, 104/3, тел.: 87059603400.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы бұған дейін серіктестікке қарасты «Рухани жаңғыру» орталығының жетекші маманы қызметін атқарған белгілі ғалым, Түркология ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, ұстаз

Бақыт Сырымұлы Әбжеттің

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Фото: Ашық дереккөзден

АРМЫСЫҢ, ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫ!

Салтанатты ашылу рәсімінде әлемнің 206 елінен келген спорттық делегациялар жүріп өтті. Жалпы, байрақты бәсекеде 10,5 мың спортшы бақ сынайды. Аталған шараны әлемнің әр қиырынан келген 300 мыңға тарта адам тамашалауға мүмкіндік алды. Алдын ала есеп бойынша тікелей телекөрсетілімді 1,5-2 млрд адам тамашалайды.

Олимпиада ауылы Париждің солтүстік жағында орналасқан, аумағы 52 гектарды құрайды. Инфрақұрылымда қажеттінің бәрі бар. Онда 40 тұрғын үй, жаттығу корпустары, емхана, асхана және басқа да нысандар, атлеттердің көңіл көтеруіне арналған клубтар орналасқан. Олимпиадалық ауылда 14,5 мыңдай адам тұрады. Оның ішінде тоғыз мың спортшы бар.

Жазғы Олимпиадада сынға түсетін үздіктерді Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы қабылдап, оларға тілектестігін білдірді. Байрақты бәсекеге ең мықты спортшылар бара жатқанын атап өтіп, ел намысын қорғау абыройлы міндет екеніне тоқталды.

– Біз сіздерге зор үміт артамыз. Бүкіл халқымыз – сіздерге жанкүйер. Жалпы, қазақ спорт мектебінің мәртебесі қашанда биік. Спортшыларымыз әрдайым елге жүлдемен оралып жүр. Осы даңқты жолды абыроймен жалғайсыздар деп сенемін. Шын мәнінде, сіздердің жеңістеріңіз тұтас Қазақстанның жеңісі болмақ. Көк туымыз желбіресе, ұлтымыздың рухы асқақтайды, – деді Мемлекет басшысы.

26 шілде мен 11 тамыз аралығында өтетін айтулы аламанда 80 қазақстандық спорттың 25 түрінен 92 жолдама жеңіп алған еді. Отандастарымыз бокс, дзюдо, спорттық гимнастика, жеңіл атлетика, байдарка мен каноэде есу, оқпен ату, семсерлесу, грек-рим күресі, еркін күрес, садақ ату, стендтік ату және теннистен сынға түседі. Сондай-ақ олар велошоссе, жүзу, заманауи бессайыс, таэквондо, велотрек, батут гимнастикасы, бадминтон, академиялық есу, көркем гимнастика, триатлон, үстел теннисі және брейкингтен жарыс жолына шығады.

Айта кетсек, бокстан Қазақстан ерлер құрамасы Олимпиадаға толық құрамда барды. Ал еліміздің әйелдер құрамасы тұңғыш рет жазғы ойындарда үш спортшыға сенім артып отыр. Сондай-ақ брейкинг пен бадминтоннан бізге тұңғыш рет Олимпиада жолдамасы бұйырды. Өкініштісі, биылғы бәсекеде алғаш рет әйелдер күресінен отандастарымыз сырт қалды. Еліміз бірден гимнастиканың үш түрінен (батуттық, спорттық және көркем) алғаш рет Жазғы Олимпиадада сынға түседі. Тұңғыш рет нысана көздеуден еліміздің атынан алты спортшы барса, семсерлесуден командалық жарыста бақ сынауға мүмкіндік алды. Ел құрамасынан 54 атлет жазғы ойындарда тұңғыш рет бақ сынайды. Ал жеңіл атлет Ольга Сафронова мен академиялық есу шебері Владислав Яковлев жазғы ойындарға төртінші рет қатысады. Сондай-ақ Елдос Сметов (дзюдо), Кирилл Герасименко (үстел теннисі) және Елена Потапенко (қазіргі бессайыс) өздерінің спорттық мансабында үшінші мәрте басты сынға келіп отыр.

Қызылордалық спортшылар 2008 жылдан бері Жазғы Олимпиада ойындарына қатысып жүр. Қазірге дейін қазақстандықтар барлығы 71 медаль еншілеген. Оның 14-і – алтын, 21-і – күміс, 36-сы – қола. Олардың арасынан былғары қолғап шеберлерінің жеңіс олжасы көп жайды айғақтайды. 2012 жылы қызылордалық Марина Вольнова (75 келі) әйелдер боксында қола жүлде еншіледі. Ал 2020 жылы Қамшыбек Қоңқабаев (91 келі) үздік үштікті түйіндеді. Оған қоса 2016 жылы ауыр атлетикадан жерлесіміз Александр Зайчиковтің (105 келіден жоғары) күміс жүлдесіне қуана қол соққан едік. Сондай-ақ облыстан дзюдошы Жанар Жанзұнова, таэквандошы Айнұр Есбергенова, гандболдан ұлттық құрама сапында қызылордалық спортшылардың ел намысын қорғап қайтқанын әлі ұмытқан жоқпыз.

Қазірге дейін Олимпиадада былғары қолғап шеберлері 24 медаль еншілеген. Қазақстандық боксшылар 7 алтын, 7 күміс, 10 қола медаль алды. Токио Олимпиадасында қола жүлде алған жерлесіміз Қамшыбек Қоңқабаев екінші Олимпиадасына қатысады. Мамандар аса ауыр салмақта шаршы алаңға шығатын боксшының басты қарсыласы өзбекстандық Баходир Жалолов деп санайды. Назар аударатын жағдай, кейінгі жекпе-жектің барлығы өзбек боксшысының жеңісімен аяқталып жүр. Екі былғары қолғап шеберінің жолы бұдан бұрын Ханчжоудағы Азия ойындарындағы финалда түйісті. Бұл жолы да Қамшыбек Баходирдің осал тұсын таба алған жоқ. Сондай-ақ осы салмақта ұлыбританиялық Делишес Ори, германиялық Нельви Тиафак, испаниялық Айюба Гадфа, бразилиялық Абнер Тейшер бар. Олардың әрбірі қарсыласына оңайлықпен беріле қоймайды. Мамандар Қамшыбек финалға дейін жетеді деп үміттеніп отыр.

Сондай-ақ мамандар тарапынан грек-рим күресінен қызылордалық Айдос Сұлтанғали да жүлделі орынның бірінен көрінеді деген жорамал айтылуда. Төрт жыл бұрын Токио төрінде чемпион атанған кубалық Луис Орта Санчес қазір 67 келі салмақта бозкілемге шығады. Ендігі кезекте аталған салмақта қырғыз балуаны Жоламан Шәршенбеков мықты атанып отыр. Жоламан екі дүркін Әлем чемпионы (2022, 2023), Әлем біріншілігінің екі дүркін күміс жүлдегері (2018, 2021) болған. Соңғы үш жылда өткен Азия чемпионатында Жоламанға тең келер ешкім болған жоқ. Оған қоса Айдоспен бірге жапондық Кэнитиро Фумита, өзбекстандық Исломжон Бахромов, әзербайжандық Мұрад Мамадов, молдовалық Виктор Чобану, қытайлық Цао Лиго, түркиялық Энес Башар, кубалық Кевин де Армаш, ирандық Мехди Мохсеннеджад, алжирлік Абделькарим Фергат жүлделерді сарапқа салады.

Сондай-ақ дзюдодан жерлестеріміз Абылайхан Жұбаназар (81 келі) мен Нұрлыхан Шархан (100 келі) ел намысын қорғайды. Олардың алғашқы қарсыластары анықталды. Абылайхан екінші айналымда венгриялық Атилла Унгвари, Нұрлыхан бельгиялық Тома Никифоровпен тайталасқа түседі. Әрине, жерлестеріміз – қазірге дейін сан алуан сайыстарда елді абыроймен қорғап жүрген тәжірибелі балуандар. Айтулы аламанға алғаш рет қатысып отырса да, жанкүйерлерді жүлделі орындармен қуантады деген ойдамыз.

Жанкүйерлер үшін Қазақстанның бірінші ракеткасы Елена Рыбакина Олимпиада ойындарына қатыспайтыны күтпеген жаңалық болды. Оның есімін Олимпиаданың ресми сайтында жекелей сындағы және микстегі сеткадан алып тастаған. Жекелей сында оны австралиялық Дарья Сэвилл алмастырды. Ал миксте ол Александр Бубликпен жұп құрайтын еді. Қазақстанның Туризм және спорт министрлігі мұның себебін Елена Рыбакинаның денсаулығына байланысты деп түсіндірді. Қазір Елена жіті бронхит ауруына шалдыққан көрінеді. Дәрігерлер оған кортқа шықпақ түгілі, тіпті ұшақпен жарысқа ұшып баруына да қатаң тыйым салған тәрізді.

Айта кетсек, Олимпиада ойындарының бойтұмары ретінде кішкентай фригиялық қалпақшалар саналатын Фрижи таңдалған. Олар еркіндіктің, инклюзивтіліктің және адамдардың үлкен және ақылға қонымды істерді жақтау қабілетінің мықты символы ретінде қызмет етеді. Фрижи қызыл, ақ және көк түстермен боялған.

Биыл Олимпиада ойындарына сатылған билет саны да рекордық көрсеткішке жетті. Бұл туралы Халықаралық Олимпиада комитеті хабарлады. Бүгінге дейін 8,8 миллион билет сатылып кеткен. Бұған дейінгі рекорд Атланта Олимпиадасында 8,3 млн билетті құраған еді.

XXXIII жазғы Олимпиада ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері Эйфель мұнарасының етегіндегі Трокадерода орналасқан «Чемпиондар саябағында» марапатталады.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

1-бет

Дүние дүрмек

Барак пен Мишель кімді қолдайды?

Барак пен Мишель Обама вице-президент Камала Харриске қарашадағы сайлауда қолдау білдіретінін айтты деп хабарлайды Нұр.kz.

Олар Камала Харриске телефон соғып, оның Америка Құрама Штаттарының фантастикалық президенті болады деп ойлайтындарын жеткізген. «Еліміз үшін осынау қиын кезеңде біз оның қараша айында жеңіске жетуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз. Сіз бізге қосыласыз деп үміттенеміз» деп жазады Барак Обама X әлеуметтік желісінде.

Бұл қоңырауды Харристің өзі растап отыр.

«Сіздің қолдауыңызға ие болу – өте маңызды» деп жазады вице-президент Обамамен телефон арқылы сөйлескен видеосын бөлісу үстінде.

Айта кетейік, АҚШ-тың қазіргі президенті Джо Байден 22 шілдеде президенттік сайлаудан бас тартқанын мәлімдеді. Ол сайлауда АҚШ вице-президенті Камала Харристі қолдайтынын айтқан еді.

Апат аймағында 628 мың адам болған

Қытайдағы «Гаеми» тайфуны қатты соққы болып тұр. Оның салдарынан мыңдаған адам апат аймағында қалды.

«Гаеми» тайфуны Фуцзянь провинциясы маңындағы Қытайдың материктік жағалауына соққан. Провинция билігі қауіпті аймақтан 150 мың тұрғынды алдын ала эвакуациялады.

Бұған дейін тайфун Путянь қалалық округінің жағалау аймағына соғып, солтүстік-батыс бағытта сағатына 20 шақырым жылдамдықпен жүріп өтті. Циклонның орталық бөлігіндегі желдің жылдамдығы секундына 28 метрге жетті.

Фуцзянь теңіз істері басқармасы жағалауға қосымша үш құтқару тікұшағы мен үш құтқару кемесін, сондай-ақ төтенше жағдайларға жауап беруге дайын 49 патрульдік қайық пен 100-ден астам сүйретпе жібергені хабарланды.

Сәрсенбіге қараған түні тайфун Тайваньның шығыс жағалауына Илань округінің маңына келді. Ресми мәліметтерге сәйкес, 5 адам тайфун соққысының құрбаны болса, 500-ден астамы белгілі бір дәрежеде зардап шеккен.

Қала мэрі тұрғындармен серуендеуге шығады

Италияның Вальдоббьядене қаласының мэрі Лучано Фрегонезе арықтау үшін тұрғындармен апта сайын серуендеуге шығады деп жазады «ҚазАқпарат» The Guardian-ге сілтеме жасап.

Лучано Фрегонезе 47 жаста, салмағы 140 келі. Маусым айында ол үшінші рет Вальдоббьядене мэрі болып қайта сайланды. Одан кейін салауатты өмір салтын ұстанып, 90 келіге дейін салмақ тастауға ниет еткен. Оның осыдан 10 жыл бұрын алғаш әкім болып сайланған кездегі салмағы дәл осындай болған.

Қала басшысы артық салмақтың негізгі себебі оның отырықшы өмір салты, жалқаулық, физикалық белсенділіктің болмауы және дәмді тағамға деген сүйіспеншілігі екенін мойындайды.

Лучано Фрегонезе қала қабырғаларының бірінде-гі «семіз адам» деген жазуды көргеннен кейін жүгіруге шыға бастады. Қабырғадағы жазудың фотосуреті әлеуметтік желілерде тез тараған тәрізді.

«СБ» ақпарат
Суреттер ашық дереккөзден

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 22942 | Тапсырыс №1168 | Кезекші редактор **Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ**